



ISSN 2308-9865

№1,  
2016

# МЕХАНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ғылыми журналды



Научный журнал

# МЕХАНИКА И ТЕХНОЛОГИИ



Scientific Journal

# MECHANICS & TECHNOLOGIES





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«М.Х. ДУЛАТИ атындағы  
ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ»  
ШЖҚ РМК



## МЕХАНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ISSN 2308-9865

Ғылыми журнал  
1994 жылдың қаңтарынан бастап шығады  
Жылына төрт рет шығады

№ 1 (51)  
Қаңтар-наурыз  
2016 ж.

*Бас редактор* И.И. Бекбасаров

*Бас редактордың орынбасары* Д.К. Джакияев

*Редакция алқасы:* Н.А. Абиев, К.И. Баданов, И.И. Бекбасаров,  
Ю.Л. Винников, Н.А. Горбатовская, Д.К. Джакияев,  
А.А. Джумабеков, Г.Е. Жидекулова, М.М. Мукимов, М.И. Никитенко,  
С.К. Нурпеисов, А.В. Пилягин, Х.Р. Садиева, А.С. Сейтказиев,  
А.Н. Семернин, Н.А. Смирнова, Е.С. Спандияров, А.Н. Шевцов,  
А.Г. Шлейкин, Я. Шульц

*Корректор және компьютерлік беттеу* Е.И. Атенев

*Редакция мекен-жайы:*

080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 60.

Тел.: 8 7262 45-35-10, факс: 8 7262 43-24-02.

<http://mit.zhambyl.kz> E-mail: [bekbasarov.isabai@mail.ru](mailto:bekbasarov.isabai@mail.ru)

Тіркеу күәлігі №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж  
(08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013)

Басуға қол қойылған күн 15.02.2016. Форматы 70×180/16. Шартты баспа  
табағы 12,8. Тираж 300 дана. Тапсырыс 128.

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Тараз  
университеті» баспасы. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 60.

© М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, 2016

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РГП на ПХВ  
«ТАРАЗСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ имени М.Х. ДУЛАТИ»



## МЕХАНИКА И ТЕХНОЛОГИИ

ISSN 2308-9865

Научный журнал  
Издается с января 1994 года  
Выходит четыре раза в год

№ 1 (51)  
Январь-март  
2016 г.

*Главный редактор И.И. Бекбасаров*

*Заместитель главного редактора Д.К. Джакияев*

*Редакционная коллегия: Н.А. Абиев, К.И. Баданов, И.И. Бекбасаров,  
Ю.Л. Винников, Н.А. Горбатовская, Д.К. Джакияев,  
А.А. Джумабеков, Г.Е. Жидекулова, М.М. Мукимов, М.И. Никитенко,  
С.К. Нурпеисов, А.В. Пилягин, Х.Р. Садиева, А.С. Сейтказиев,  
А.Н. Семернин, Н.А. Смирнова, Е.С. Спандияров, А.Н. Шевцов,  
А.Г. Шлейкин, Я. Шульц*

*Корректор и компьютерная верстка Е.И. Атенев*

*Адрес редакции:*

080012, г. Тараз, ул. Толе би, 60.

Тел.: 8 7262 45-35-10, факс: 8 7262 43-24-02.

<http://mit.zhambyl.kz> E-mail: [bekbasarov.isabai@mail.ru](mailto:bekbasarov.isabai@mail.ru)

Свидетельство о регистрации №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999),  
№4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013)

Подписано в печать 15.02.2016. Формат 70×180/16. Усл. печ. л. 12,8. Тираж  
300 экз. Заявка 128.

Издательство «Тараз университеті» Таразского государственного  
университета им. М.Х. Дулати. 080012, г. Тараз, ул. Толе би, 60.

© Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, 2016

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



TARAZ STATE UNIVERSITY  
named after M.Kh. DULATI

## **MECHANICS & TECHNOLOGIES**

**ISSN 2308-9865**

Scientific Journal

Published since January 1994

Published four times a year

**№ 1 (51)**

January-March  
2016

*Editor in chief* I.I. Bekbasarov

*Deputy Editor in Chief* D.K. Jakiyaev

*Editorial board:* N.A. Abiev, K.I. Badanov, I.I. Bekbasarov,  
N.A. Gorbatoovskaya, D.K. Jakiyaev, A.A. Jumabekov, M.M. Mukimov,  
M.I. Nikitenko, S.K. Nurpeisov, A.V. Pilyagin, Kh.R. Sadieva, J. Schulz,  
A.S. Seitkazyev, A.N. Semernin, N.A. Smirnova, Ye.S. Spandiyarov,  
A.N. Shevtsov, A.G. Shleikin, Yu.L. Vinnikov, G.Ye. Zhidekulova

*Press-corrector and computer page makeup* Ye.I. Atenov

*Editorial address:*

080012, Taraz, Tole bi street, 60.

Tel.: 8 7262 45-35-10, fax: 8 7262 43-24-02.

<http://mit.zhambyl.kz> E-mail: [bekbasarov.isabai@mail.ru](mailto:bekbasarov.isabai@mail.ru)

Registration certificate №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013)

Signed in print 15.02.2016. Form 70×180/16. Cond. print. sh. 12,8. Edition 300 copies. Application 128.

Printing House «Taraz University» of Taraz State University  
named after M.Kh. Dulati. 080012, Taraz, Tole bi street, 60.

© Taraz State University named after M.Kh. Dulati, 2016

## МАЗМУНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

### Ф И З И К А

<b>Кейкиманова М.Т., Узбекова Д.С., Түйтебаева А.С.</b> Көлемі мен массасы орташа мәнге ие болатын санақ жүйелеріндегі кейбір үш компонентті газ қоспаларындағы диффузия кезіндегі гидродинамикалық ағынға теңестіруші жылдамдықты анықтау.....	6
<b>Кейкиманова М.Т., Узбекова Д.С., Иманбердиева А.С.</b> Ағындағы шар тәрізді бөлшектердің сублимациялық заңдылықтары .....	10

### ИНФОРМАЦИОННЫЕ СИСТЕМЫ

<b>Орманбекова А.А., Бостенов Н.М.</b> Robo-Pisa робот-платформасын басқару үшін бағдарламалы-аппараттық кешен .....	15
<b>Есмаханова Л.Н.</b> Жаңа буынды байланыс желілері және Softswitch технологиясы .....	20
<b>Есмаханова Л.Н., Момбай Г.</b> Хабарламаны, сигналдарды және бөгеуілдерді көрсету мен түрлендіру .	25
<b>Есмаханова Л.Н., Қалдыбай Н.</b> Талшықты оптикалық байланыс желілерінде қолданылатын технологияларға шолу .....	32

### ЭКОЛОГИЯ, ВОДНЫЕ РЕСУРСЫ

<b>Мустафаев Ж.С., Козыкеева А.Т., Абдешев К.Б.</b> Методологическое обеспечение экологической безопасной технологии промывки засоленных земель .....	38
<b>Артиков Н.З., Сейтпанов П.Қ., Бекмуратов М.М.</b> Органикалық қалдықты бөгде қоспалардан тазалау құрылымы .....	46
<b>Әбдіраманов Ә., Жабағиева Қ.Р.</b> Құбыр бұрылыстары мен иіндеріндегі арын шығындары .....	51
<b>Мамытова Е.А.</b> Жамбыл облысының су ресурстарының сапасы және оларды тиімді пайдалану жолдары .....	55

### ПИЩЕВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

<b>Горбатовская Н.А., Киябаева А.А., Умирбаева Ш.Д.</b> Органолептические показатели обогащенных творожных продуктов .....	61
<b>Хегай Р.Л., Горбатовская Н.А., Иванникова Н.В., Шоя Е.Н.</b> Влияние хмелевой закваски на сроки хранения хлебной продукции .....	66
<b>Беняш С.Ю., Горбатовская Н.А., Иванникова Н.В., Шоя Е.Н.</b> Интенсификация процесса солодоращения с применением биокатализаторов .....	72

<b>Benyach S.Y., Mkrtumova A.A., Gorbatovskaya N.A., Shoya Y.N., Ivannikova N.V.</b>	
The use of dark malt in the production of wheat bread .....	76
<b>Филимонова Т.А., Горбатовская Н.А., Шоя Е.Н., Аққожа Ә.Ш.</b>	
Разработка рецептуры игристого кваса .....	80
<b>ТЕХНОЛОГИИ ТЕКСТИЛЬНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ</b>	
<b>Гуляев Р.А., Назиров Р.Р., Исанов Ф.Ж., Лугачев А.Е.</b>	
Разработка генератора агента увлажнения хлопка-сырца и хлопкового волокна .....	85
<b>ЭНЕРГЕТИКА</b>	
<b>Кейкиманова М.Т., Эдемова А.Р., Жусип А.И., Туйтебаева А.С.</b>	
Исследование солнечных элементов на основе р-n-перехода .....	90
<b>Поезжалов В.М., Святокум С.В., Жусупов К.С.</b>	
Технология использования энергии окружающей среды для отопления и кондиционирования .....	97
<b>Альмагамбетов А.Т., Глущенко Т.И.</b>	
Стабилизация мощности в автономной системе на возобновляемых источниках энергии .....	102
<b>Процан А.П., Степанова О.А.</b>	
Водоугольное топливо – шаг в будущее .....	108
<b>Жумагажинов А.Т., Мухамедкалиева Б.С., Жамбаева М.К.</b>	
Внедрение биогазовых технологий для энергообеспечения фермерских хозяйств .....	112
<b>Ермоленко М.В., Тоимбаев А.Б., Нургалиев Д.Н.</b>	
Эффективность теплоснабжения посредством использования тепловых насосов .....	115
<b>ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ</b>	
<b>Кошкин И.В., Ахметьянов Р.И., Кошкина А.И.</b>	
Формирование общих и профессиональных компетенций у будущих специалистов в области эко-инжиниринга .....	127
<b>Мусаева Н.Е.</b>	
Инновациялық әдісті қолдану арқылы білім алушылардың белсенділігін жоғарылату .....	136
<b><i>Біздің мерейтой иегері</i></b>	
<i>ТарМУ-нің Құрметті профессоры Д. Ыбыналиев – 70 жаста!</i> .....	140

## ФИЗИКА

ӘОЖ 533.15

М.Т. Кейкиманова<sup>1</sup>, Д.С. Узбекова<sup>2</sup>, А.С. Түйтебаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Техн. ғылымдарының канд., доцент, <sup>2</sup>Оқытушы, <sup>3</sup>Студент  
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,  
Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы

**КӨЛЕМІ МЕН МАССАСЫ ОРТАША МӘНГЕ ИЕ БОЛАТЫН САНАҚ  
ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ КЕЙБІР ҮШ КОМПОНЕНТТІ ГАЗ  
ҚОСПАЛАРЫНДАҒЫ ДИФФУЗИЯ КЕЗІНДЕГІ  
ГИДРОДИНАМИКАЛЫҚ АҒЫНҒА ТЕҢЕСТІРУШІ  
ЖЫЛДАМДЫҚТЫ АНЫҚТАУ**

Диффузиялық бароэффектілерден туындайтын гидродинамикалық ағынды құраушы компоненттерінің орын ауыстыруы меншікті диффузиялығымен өлшенетіндіктен мұндай ағындарды зерттеу өте өзекті және үлкен қызығушылық тудыратын мәселе болып табылады.

**Түйін сөздер:** диффузия, гидродинамикалық ағын, газ қоспасы, бароэффект, балластты газдар.

Технологиялық үрдістермен байланысты өнеркәсіптің кейбір салаларының қарқынды дамуы газ диффузияларының температурасы мен қысымы коэффициенттерінің кең аясында зор білімді талап етеді.

Диффузиялық бароэффектінің тұйықталған құралдарда [1, 2] пайда болуы, диффузия құбылысы кезінде молекулалардың хаосты жылулық қозғалысының салдарынан компоненттерінің меншікті молекулалық көшірілуімен қатар қоспаның біртұтас ағатындығымен түсіндірілетін гидродинамикалық көшірілудің де орын алатындығын көрсетеді.

Диффузиялық бароэффектінің абсолюттік шамасы салыстырмалы түрде аз ғана мәнге ие болады. Дегенмен олардан туындайтын гидродинамикалық ағын, компоненттерінің көшірілуі меншікті диффузиялығымен өлшенетіндігімен [3, 4] үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан мұндай ағынды зерттеу әр уақытта қызығушылық тудырады.

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында тәжірибе түрінде кейбір көлемі мен массасы орташа мәнге ие болатын санақ жүйелеріндегі кейбір үш компонентті газ қоспаларындағы гидродинамикалық ағындар Максвелл – Больцман – Джинс теориясы бойынша есептеулермен салыстырыла өлшенді.

Эксперименттік қондырғы мен оның жеке саңылауларының сызбасы, сонымен қатар гидродинамикалық ағындардың жылдамдықтарын өлшеу әдісі [5] жұмыста толығымен сипатталып жазылған.

Тәжірибелер 298 К температурада және екі түрлі макропоралық (П) және саңылаулық (Щ) диффузиялық ұяшықтардағы атмосфералық қысымда жүргізілді. Бұл ұяшықтардың артықшылықтары мен кемшіліктерін біз [6] анықтағанбыз. Диффузияға дейінгі газ қоспасының талдануы



интерферометриялық немесе хроматографиялық әдістердің біреуімен жүзеге асырылады, ал диффузия құбылысы орын алғаннан кейін хроматографиялық әдіс арқылы орындалады.

Екі газдың қоспасының диффузиясы үшіншісінде, сонымен қатар дәрежелері бірдей екі газдың диффузиясы араластырылған үшіншісінде зерттелінді.

Газ қоспаларының құрамдары төменде келтіріледі:

1. 49,97% H<sub>2</sub>+ 50,03%A<sub>r</sub> - 50,70% A<sub>r</sub> + 49,30%N<sub>2</sub>
2. 49,49% H<sub>2</sub>+50,51% N<sub>2</sub> - 49,30%N<sub>2</sub> + 50,70% A<sub>r</sub>
3. 50,51%N<sub>2</sub>+49,49%H<sub>2</sub> - 49,97% H<sub>2</sub> + 50,03%A<sub>r</sub>
4. 49,51%He +50,49%A<sub>r</sub> - 50,70% A<sub>r</sub>+ 49,30%N<sub>2</sub>
5. 50,04%He + 49,96% N<sub>2</sub> - 49,30% N<sub>2</sub> + 50,70 %A<sub>r</sub>
6. 49,96%N<sub>2</sub>+ 50,04%He - 49,51%He + 50,49 %A<sub>r</sub>
7. 51,12% H<sub>2</sub>+ 48,88%He - 50,04%He + 49,96%N<sub>2</sub>
8. 50,04%He + 49,96%N<sub>2</sub> - 100,0%A<sub>r</sub>
9. 49,49% H<sub>2</sub> + 50,51%N<sub>2</sub> - 100,0 %A<sub>r</sub>
10. 49,97% H<sub>2</sub> + 50,03%A<sub>r</sub> - 100,0%He
11. 49,97% H<sub>2</sub>+ 50,03%A<sub>r</sub> - 100,0% N<sub>2</sub>

Көлемі  $v^v$  мен массасы  $v^m$  орташа мәнге ие болатын санақ жүйелеріндегі гидродинамикалық ағынға теңестіруші жылдамдықтың өлшенген мәндері 1-кестеде көлемдік жылдамдықтар өлшемінде берілген.

#### Кесте 1

Көлемі мен массасы орташа мәнге ие болатын санақ жүйелеріндегі гидродинамикалық ағынға теңестіруші жылдамдықтың өлшенген және есептелген мәндері (P=0,101 МПа, T=296 K)

Жүйенің №	Газдар жүйесі	Ұяшық түрі	Теңестіруші ағындар жылдамдықтары, см <sup>3</sup> /с			
			өлшенген		есептелген	
			V <sup>v</sup>	V <sup>m</sup>	V <sup>v</sup>	V <sup>m</sup>
1.	H <sub>2</sub> +N <sub>2</sub> - N <sub>2</sub> +A <sub>R</sub>	П Щ	0,016	0,0045	0,017	0,0045
			0,046	0,012	0,049	0,013
2.	N <sub>2</sub> +H <sub>2</sub> - H <sub>2</sub> +A <sub>R</sub>	П Щ	0,016	0,0071	0,017	0,0076
			0,042	0,024	0,049	0,023
3.	He+A <sub>R</sub> - A <sub>R</sub> +N <sub>2</sub>	П Щ	-	0,0020	-	0,0043
			-	0,012	-	0,013
4.	He+N <sub>2</sub> - N <sub>2</sub> +A <sub>R</sub>	П Щ	0,013	0,0032	0,014	0,0029
			0,036	0,0100	0,042	0,0086
5.	N <sub>2</sub> +He- He+A <sub>R</sub>	П Щ	0,014	0,0055	0,014	0,0056
			0,038	0,018	0,042	0,017
6.	He+H <sub>2</sub> - He+N <sub>2</sub>	П Щ	-	0,0036	-	0,0040
			-	0,010	-	0,012
7.	H <sub>2</sub> +N <sub>2</sub> -A <sub>R</sub>	П Щ	0,034	0,020	0,037	0,022
			0,052	0,061	0,055	0,067
8.	H <sub>2</sub> +A <sub>R</sub> -He	Щ	0,040	0,023	0,045	0,023
9.	H <sub>2</sub> +A <sub>R</sub> -N <sub>2</sub>	Щ	0,047	0,023	0,051	0,027
10.	H <sub>2</sub> +A <sub>R</sub> -He	Щ	0,039	0,054	0,047	0,057
11.	H <sub>2</sub> +A <sub>R</sub> -N <sub>2</sub>	Щ	0,041	0,0064	0,047	0,0074

Жылдамдықтарды өлшеудегі қателік газ жүйелеріне байланысты 10-14% құрады. Қателіктің мұндай үлкен салыстырмалы шамасы жылдамдықтарды есептеудің формуласында біреу ғана емес бірнеше өлшенетін ағындардың қосындысы ескерілетіндігімен түсіндіріледі, бұған мысал ретінде диффузия құбылысын келтіруге болады. Аталған кестеде сонымен қатар үшкомпонентті диффузияның қарастырылған жағдайы үшін Максвелл-Больцман-Джинс теориясы [5, 6] бойынша нәтижелер келтірілген.

Эксперименттік және теориялық нәтижелерді салыстырғанда олардың қателігі тәжірибенің шеңберіне сәйкестігін көрсетеді. Кестеден көрініп тұрғандай, үшінші және алтыншы, бірінші және жетінші жүйелер бір-бірінен газдары – араластырушылары арқылы ғана ерекшеленеді. Атап айтқанда, мысалы, үшінші және алтыншы жүйелерде белсенді компоненттер – азот пен аргон сәйкесінше балласттық сутегі мен гелий арқылы диффузияланады. Бұл жағдайда азот пен аргонның диффузиялық қабілеттіліктері бірдей болады да бароэффектілік шамасы елеусіз қалады. Сондықтан гидродинамикалық ағын көлемі орташа мәнге ие болатын жүйеде нольге тең, ал массасы орташа мәнге ие болатын жүйеде аз ғана мәнге ие болады. Одан басқа гидродинамикалық ағынның шамалары ұяшықтардың сәйкес түрлері үшін өздерінің сандық мәндеріне өте жақын. Күткен нәтижеміз орындалып отыр, себебі диффузиялық үрдіске әсер етуші балласттық газдардың қасиеттері бірінші жағдайда сутегі, ал келесі жағдай – гелийде бір-бірінен айырмашылықтары шамалы.

Бірінші және жетінші жүйелерде белсенді компоненттер – сутегі мен азот балласттық газдар арқылы тиісінше диффузияланады. Мұндай жүйелерде теңестіруші ағын жылдамдығы бірнеше рет өзгереді. Бұл жағдай сәйкесінше балласттық газдарды тандай отырып, диффузиялық үрдісті күшейтуге немесе тежей тұруға болатындығына айғақ бола алады [6]. Осылайша, газдардағы диффузия кезіндегі тәжірибеде өлшенген ағынды теңестіруші жылдамдықтар Максвелл – Больцман – Джинс теориясымен сипатталады. Бұл, әрине теорияның дұрыстығын және үшкомпонентті газ қоспаларындағы бақылап отырған масса тасымалдаудың орындалуының, яғни меншікті диффузиялық және теңестіруші гидродинамикалық масса тасымалдаулардың қосындысы ретіндегі мүмкіндігін дәлелдейді, сондай-ақ ол көп компонентті диффузия кезіндегі өтетін құбылыстарды, мысалы Тур [6] белгілеген ерекшеліктерді дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Суетин, П.Е. Газдардың өзара диффузиясы кезіндегі бароэффект [Мәтін] / П.Е. Суетин, П.В. Волобуев // ЖТФ. – 1964. – Т. 34. – №6. – Б. 1107-1114.
2. Косов, Н.Д. Кейбір газдардың избаралық-изотермиялық диффузия коэффициенттері [Мәтін] / Н.Д. Косов // ЖТФ. – 1965. – Т. 35. – №11. – Б. 2120-2125.
3. Косов, Н.Д. Өзара диффузия кезіндегі гидродинамикалық ағынмен көшетін газ мөлшерін анықтау [Мәтін] / Н.Д. Косов, З.И. Новосад // ЖТФ. – 1969. – Т. 39. – №3. – Б. 582-586.
4. Косов, Н.Д. Екі газдың изобарасы кезіндегі диффузия [Мәтін] / Н.Д. Косов, Ю.И. Жаврин, Д.У. Кульжанов // ЖТФ. – 1981. – Т. 51. – №3. – Б.645-649.

5. Жаврин, Ю.И. Концентрационная зависимость коэффициентов диффузии некоторых трехкомпонентных газовых смесей в различных системах отсчета [Текст] / Ю.И. Жаврин, Н.Д. Косов, Д.У. Кульжанов // Диффузия и конвективный теплообмен. – 1981. – [?] – С. 3-14.
6. Косов, Н.Д. Көлемі мен массасы орташа мәнге ие болатын санақ жүйелеріндегі кейбір үш компонентті газ қоспаларындағы диффузияның әсерлік коэффициенттері [Мәтін] / Н.Д. Косов, Д.У. Кульжанов, Ю.И. Жаврин // ҚазССР ҒА жаңалығы, серия физ.-мат. – 1981. – №2. – Б.76-80.

*Материал редакцияға 22.12.15 түсті.*

**М.Т. Кейкиманова, Д.С. Узбекова, А.С. Туйтебаева**

*Таразский государственный университет имени М.Х. Дулати,  
г. Тараз, Республика Казахстан*

**ОПРЕДЕЛЕНИЕ СКОРОСТЕЙ КОМПЕНСИРУЮЩИХ  
ГИДРОДИНАМИЧЕСКИХ ПОТОКОВ ПРИ ДИФфуЗИИ  
В НЕКОТОРЫХ ТРЕХКОМПОНЕНТНЫХ ГАЗОВЫХ СМЕСЯХ  
В СРЕДНЕОБЪЕМНОЙ И СРЕДНЕМАССОВОЙ  
СИСТЕМАХ ОТСЧЕТА**

Абсолютная величина диффузионного бароэффекта относительно мала. Однако, порождаемый им гидродинамический поток сильно влияет на перенос компонентов в виду того, что он соизмерим с собственно диффузионным. Поэтому исследование этого потока является актуальной и представляет парктический интерес.

**Ключевые слова:** диффузия, гидродинамический поток, смесь газов, бароэффект, балластные газы.

**M.T. Keikimanova, D.S. Uzbekova, A.S. TuYTEbaeva**

*Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan*

**DETERMINATION OF THE VELOCITY COMPENSATING  
HYDRODYNAMIC FLOWS IN THE DIFFUSION OF SOME TERNARY  
GAS MIXTURES IN THE AVERAGE VOLUME WEIGHT AVERAGE  
AND REFERENCE SYSTEMS**

The absolute value of the diffusion baroeffect relatively small. However, they generated hydrodynamic flow strongly influences the transfer of components due to the fact that it is commensurate with the actual diffusion. Therefore, the study of this flow is relevant and has a practical interest.

**Keywords:** diffusion, hydrodynamic flow, gas mixture baroeffect, ballast gases.

ЭОЖ 533.601.16

М.Т. Кейкиманова<sup>1</sup>, Д.С. Узбекова<sup>2</sup>, А.С. Иманбердиева<sup>3</sup><sup>1</sup>Техн. ғылымдарының канд., доцент, <sup>2</sup>Оқытушы, <sup>3</sup>Студент  
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,  
Тараз қаласы, Қазақстан РеспубликасыАҒЫНДАҒЫ ШАР ТӘРІЗДІ БӨЛШЕКТЕРДІҢ  
СУБЛИМАЦИЯЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Диффузиялық үрдістер кезінде орын алатын масса алмасудың себептері мен алғышарттары, заңдылықтары бұрыннан белгілі заңдармен салыстырыла отырып талданған.

**Түйін сөздер:** масса алмасу, диффузиялық үрдістер, сублимация, турбуленттілік, конвекция.

Масса алмасуды зерттеушілердің көпшілігі жану, сонымен қатар шар тәрізді бөлшектердің сублимациясы диффузиялық үрдістер шартында бөлшектер бетінде ғана, ешқандай тесіктерсіз орындалады деп есептейді [1]. Бұл тұжырым дұрыс шығар, бірақ, әдетте қатты денелер бетінен масса алмасу үрдісінің өзгермейтін шарттарында (атап айтқанда, сублимация) қарқындылық өзгермейді және осыған сәйкес  $S$  бетінің  $t$  уақыт бойынша жылдамдық өзгерісінің шамасы Срезневский заңы бойынша орындалуы керек [2]:

$$ds/dt = const \quad (1)$$

Мұндайда көбіне [3] мақалаға жиі сілтеме жасалады, себебі онда дербес жағдайларда ағындағы шарлардың масса алмасулары мынадай заңдылыққа сәйкес келеді:

$$ds/dt = Ar^{2n-t}$$

мұндағы:  $r$  – шардың радиусы;  $n$  –  $Nu = ARe^n$  тәуелділігіндегі дәреже көрсеткіші.

Сондықтан турбуленттік ағындағы шар үшін  $n=0,5$  болғанда (1) шарт орынды. Бірақ, мұндай тұжырымдаулар мағыналары бойынша дұрыс бола бермейді.

Біріншіден, шекаралық қабаттар теориясынан белгілі жағдай  $K_s$  масса алмасу коэффициенті шекаралық қабаттың  $\delta$  қалыңдығына кері пропорционал, ол өз кезегінде пластиналар үшін  $\sqrt{x}$ -қа пропорционал, ал шарлар үшін «ағу ұзындығын» енгізгенде  $\delta \sim r$  мәнінде  $x = \pi r$  [4] болады. Одан шығатыны, сублимациялану уақытында радиустың шамасы өзгергенде  $K_s \neq const$ .

Екіншіден, сублимациялану үшін  $K_s$  шамасын шар массасының кемуі бойынша, ал тығыздығы  $\rho$  уақыт бойынша бірлік  $\Delta c$  концентрация айырымында:

$$K_s = (dm/dt) / S\Delta c$$

$$dm/dt = \rho(4/3) \pi d(r^3) / dt \quad (2)$$

$$S = 4 \pi r^2$$

$K_s = \text{const} / (\sqrt{r})$  екендігін ескеріп, (1) теңдеудің орнына мынадай қатынасты аламыз:

$$d(r^{3/2}) / dt = \text{const} \quad (3)$$

Үшіншіден, бұл еріксіз конвекция заңдылықтары салдарынан туындайды [5]:

$$Nu = A Re^n \text{ немесе } Sh = Nu_g = A Re^n Sc^m. \quad (4)$$

мұндағы  $n=0,5$  – турбуленттік ағын үшін беріледі.

Шмидт саны  $Sc = \nu/D$  және  $\Delta C$  шамасы радиуска тәуелсіз болмайтындықтан Шервуд критерийін  $Sh = K_s 2r/D$  және  $Re = w2r/\nu$  Рейнольдс сандарының мәндерін және (2) қатынасты (4) теңдеуге қойып, радиус пен уақыт шамаларының тәуелсіз шамалар болатындығына куә боламыз  $d(r^{3/2})/dt$ . Осылайша, ағынның  $w$  өзгерісіз жылдамдығы мен  $T$  температурасында (соған сәйкес  $D$  диффузия және  $\nu$  тұтқырлық коэффициенттері) (3) шарт сақталады. Бұл ағынның сублимациясы кезіндегі шар бөлшектерінің радиустарының өзгеру заңы және оны ағын емес еркін конвекция шарттарында жазық бетке тамызылған сұйық тамшыларының булануы үшін экспериментте дәлелденген (1) – Срезневский заңының орнына қолдану орынды [2].

Жасалған тұжырымның дұрыстығын тексеру үшін диаметрі  $3,7 \cdot 10^{-2}$  м дөңгелек құбырдың шығысындағы ауа ағынында диаметрі  $(5-10) \cdot 10^{-3}$  м болатын нафталин шарының сублимациясына зерттеулер жүргізілді.


Шарлар таза нафталиннің химиялық ерітінділерінен тереңдіктегі тығыздықтары бойынша біркелкілігін және оны өлшеудің дәлме-дәлдігін қамтамасыз ететін арнаулы дайындалған әдістер бойынша дайындалды. Ол үшін ерітіндіге аз ғана уақытқа диаметрі  $4 \cdot 10^{-4}$  м нихром ұстатқышта диаметрі  $4 \cdot 10^{-4}$  м пластмасса шар батырылды. Содан кейін ауада, ұстағышта тұрған шар тез айнала бастады, сол уақытта балқыған шардан көп бөлігі ерітіліп ағып кетті де, ал оның үстіңгі бөлігінде қалыңдығы  $(1-2) \cdot 10^{-4}$  м болатын қалың қабат пайда болды. Бұл операцияны бірнеше рет қайталағаннан кейін центріне қатысты симметриялы, поликристалды құрылымды қажет өлшемдегі шар пайда болды.

Бұл аналитикалық таразының көмегімен Архимед әдісі бойынша диаметрлері әртүрлі шарларды өлшеу кезінде тексерілген  $\rho = 1162 \pm 5$  кг/м<sup>3</sup> болатын тығыздығының тереңдігі бойынша біркелкілігін қамтамасыз етті. Шарлардың қатаң түрде сфералық формаларын алу үшін дөңгелек құбырдың қиындысынан қажетті диаметрлер кесіліп алынды.

Мотордағы ауа жылытқыш пен қыздырғыш кернеуінің тұрақтылығы және тәжірибе кезінде қажетті бақылаудың болуы арқасында ағынның температурасы және жылдамдығының тұрақтылығы қамтамасыз етілді.


Ағындағы шарларды араластырмастан бұрын, олар алдымен герметикалық жабық пробиркада ағын бетіндегі сублимациялық температураға дейін қыздырылды. Қыздырылу кезінде массаларының кемуі алдын ала анықталынып, ескерілді. Қызған шар (оның симметриялылығын сақтау үшін)  $2,5 \cdot 10^{-3}$  айн/с жылдамдықпен айналатын втулкаға бекітілді. Ол ағын температурасы мен сублимация жылдамдығына тәуелді, пробиркада

ағысы кезінде суынып, сонан соң аналитикалық таразыда өлшенді. Бір тәжірибе кезінде 8-12 рет өлшеулер жүргізілді. Нәтижесінде ауа ағынының 297К -нен 320 К-ге дейінгі температурада және 6 м/с -тан 27,2м/с дейінгі жылдамдығында 36 эксперименттік нүктелер алынды. Әрбір өлшеулер кезінде шардың тиімді радиусы  $r$  1,5-2 рет өзгерілді,  $r$  – радиусты анықтаудың максималды қателігі 0,2% құрады. Бұл  $S(t)$  - сызықты емес тәуелділігі (1) заңның орындалмайтындығын және керісінше, мысалдары 1-суретте көрсетілген  $r^{3/2}(t)$  – сызықтығын, сонымен қатар (3) заңның дұрыстығын дәлелдейді.



Сурет 1. Сублимацияланған шар бөлшектерінің беттік аудандарындағы  $T=329,6$  К және  $w=18,7$  м/с (3) уақыт өтуі кезіндегі (1),  $r^{3/2}$ , (2) радиустарының өзгеруі


Сублимацияланған беттің температурасы  $T_w$  диффузиялық-жылулық аналогты қолдана отырып жылу балансының теңдеуінен және тізбектеп жуықтау әдісі есептерінен шешіліп шығарылады [6]. Бұл әдістің дұрыстығын тексеру үшін  $T_w$ -ның мәндері арнайы тәжірибелерде сыныпты резервуарының біреуі жұқа нафталин қабықшамен қапталған екі термометрдің көмегімен ағын температурасына қатысты өлшенді. Бұл тәжірибелердің өлшеулері есептеу арқылы алынған мәндермен салыстырылып, 2-суретте келтірілген және 0,1 К температураға тең өлшеу дәлдігі шегінде олардың бір-біріне сәйкес келетіндіктерін көрсетеді.



Сурет 2. Нафталинді шар бетінің температурасының  $T_w$  ағын температурасына  $T$  тәуелділігі

Тәжірибелерден алынған өлшеулерді өңдеу нәтижелері бұрыннан белгілі критерийлі теңдеу 3-суретте көрсетілген.

$$Sh = A Re^{0.5} Sc^{0.33} + 2 \quad (5)$$



Сурет 3. Масса ауысудың  $Re$ ,  $Sc$  сандарына тәуілділігі

Ең аз квадраттар әдісімен  $A=0,63 \pm 1,01$  коэффициенті анықталды. Нүктелердің максималды алшақталуы 5,01%-ды құрайды.

Алынған тәуелділік:

$$Sh = 0.63 Re^{0.5} Sc^{0.33} + 2 \quad (6)$$

мұнда  $Re$  саны  $1,6 \cdot 10^3$ -нен  $1,42 \cdot 10^4$  интервалында жатады, ал  $Sc$  саны 2,50-ден 2,55 аралығында орналасқан және өзге зерттеушілердің мәлеметтерімен толық сәйкес келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Резняков, А.Б. Горение натурального топлива [Текст] / Под ред. А.Б. Резнякова. – Алма-Ата: Наука, 1968.
2. Фукс, Н.А. Испарение и рост капель в газообразной среде [Текст] / Н.А. Фукс. – М.: Изд-во АН СССР, 1958.
3. Иванов, В.М. [?] / [Текст] / В.М. Иванов, Е.В. Смирнова // Труды ИГИ. – 1962. – Т. 19.
4. Кришер, О. Научные основы техники сушки [Текст] / О. Кришер. – М., 1961.
5. Шервуд, Т. Массопередача [Текст] / Т. Шервуд, Р. Пигфорд, Ч. Уилки. – М.: Химия, 1982.
6. Вышенский, В.В. Молекулярный и молярный тепло-массоперенос [Текст] / В.В. Вышенский. – Алма-Ата: Изд-во КазГУ, 1981.

Материал редакцияға 25.12.15 түсті.

**М.Т. Кейкиманова, Д.С. Узбекова, А.С. Иманбердиева**

Таразский государственный университет имени М.Х. Дулати,  
 г. Тараз, Республика Казахстан

---

**СУБЛИМАЦИОННЫЕ ЗАКОНОМЕРНОСТИ ШАРОВИДНЫХ  
ЧАСТИЦ В ПОТОКЕ**

Проанализированы в сравнении с ранее известными законами законы, причины и предпосылки массообмена, происходящие при диффузионном процессе.

**Ключевые слова:** массообмен, диффузионные процессы, сублимация, турбулентность, конвекция.

**M.T. Keikimanova, D.S. Uzbekova, A.S. Imanberdiyeva**

*Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan*

**SUBLIMATION REGULARITIES OF GLOBULAR PARTICLES  
IN THE FLOW**

Regularities, reasons and conditions of mass transfer occurring during the diffusion process are analyzed in comparison with previously known appropriate laws.

**Keywords:** mass transfer, diffusion processes, sublimation, turbulence, convection.



ИНФОРМАЦИОННЫЕ СИСТЕМЫ


ӘОЖ 621.39-027.31

А.А. Орманбекова<sup>1</sup>, Н.М. Бостенов<sup>2</sup><sup>1</sup>Магистрант, оқытушы, <sup>2</sup>СтудентМ.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,  
Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы<sup>1</sup>Эл. пошта: ain\_25@mail.ru**ROBO-RICA РОБОТ-ПЛАТФОРМАСЫН БАСҚАРУ ҮШІН  
БАҒДАРЛАМАЛЫ-АППАРАТТЫҚ КЕШЕН**

Мақалада робототехникалық платформаны басқару мен автономды қозғалыс үшін бағдарламалы-алгоритмдік қамсыздандыру және Robo-Rica робот-платформасын басқару үшін бағдарламалы-аппараттық кешені қарастырылған.

**Түйін сөздер:** робототехника, робототехникалық платформа, драйверлер, порттар.

Адам өміріне робототехника кеңінен енгізілуде. Ол терроризмге қарсы күрес, жарылыс қауіпі бар заттарды залалсыздандыру, арнайы нысандардың күзеті, апат орнындағы құтқару және т.б. әрекеттер кезінде көп қолданылады. Сонымен қатар, түрлі датчиктерден түсетін ақпаратты өңдеудің күрделі әдістері үшін және әртүрлі өлшеулерді орындаумен байланысты робототехникалық жүйелерді функционалдау мақсатында да робототехника пайдаланылады. Робототехникалық платформаның «Автоматика және телекоммуникация» кафедрасында жасалған құрылымы 1-суретте көрсетілген.




Сурет 1. Робототехникалық платформаның басқару жүйесінің құрылымдық сұлбасы

Робот-платформасын басқару жүйесінің құрамына ультрадыбыстық қашықтық өлшегіш, қоршаған орта туралы ақпараттар датчиктері,

инфрақызыл қашықтық өлшегіш және Холл датчигі кіреді. Осы датчиктерден шығатын сигналдарды қалыптандыруды аналогты сигналдарды айрықша сигналға түрлендіруді жүзеге асырылатын түрлендіргіш атқарады [1]. Айрықша сигналдарды түрлендіруді ЭЕМ кіріс порттары орындайды. Басқару оператор көмегімен және басқарусыз режимінде де жүзеге асырыла алады. Оператор техникалық көз қарас жүйесі арқылы (ТКЖ) платформаны басқара алады. Нарықта түрлі тапсырмалар шешіміне негізделетін көптеген ТКЖ ұсынылған.

ЭЕМ шығыс порттарына орындаушы қозғалтқыштармен басқарудың аппараттық драйверлері қосылған. Жоба кірісінде жұмыс режимдері және мүмкін болатын сыртқы жүктемелер, күтілген сызықтық жылдамдықтар мен жылдамдатуды қамтамасыз ететін, механикалық буындарды жасаудың инженерлік тапсырмасы шешілген.

Аппаратты-бағдарламалық кешенінің функционалды ерекшелігі визуалды және локальді датчиктерді қолдану есебінен қазғалысты басқаруды интеллектуалдау қабілетімен түсіндіріледі [2]. Жүйеде қоршаған орта және функционалдау үрдісі туралы априориялық ақпарат бар, ол өзінің күйімен сыртқы орта жайында ағымдағы ақпаратты алады. Оның мақсаты сыртқы ортаның сараптамасымен байланысты шешімдерді қабылдау болып табылады. Жүйенің функционалдау алгоритмі мен құрылымы 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2. Робототехникалық жүйені басқару тапсырмасының функционалдау алгоритмі

Бағдарламалық қамсыздандыру және басқару алгоритмі платформа жұмысын екі режимде – автономды және оператор режимінде қамтамасыз етеді.

Платформаның атқарушы механизмдерімен басқару PIC16F877 микроконтроллерімен жүзеге асырылады. Робототехникалық платформаның қозғалуын басқару бағдарламасы Ассемблер, C/C++ (Си) және Паскаль бағдарламалау тілінде жазылған [3]. Бағдарлама екі ішкі бағдарламалардан тұрады, олар – автономды қозғалуға арналған ішкі бағдарлама және оператормен қимылдық басқаруға арналған ішкі бағдарлама болып бөлінеді. Ішкі бағдарламаның әрқайсысы бөлек модульдерден – датчиктерді сұрау модулінен, мәліметтерді өңдеу модулінен, ДК платформаны байланыстыру модулінен, платформа қозғалысын басқару модулінен және БҚ тестілеу модулінен тұрады.

Бағдарламалық модулі Ассемблер, C/C++ (Си) және Паскаль бағдарламалау тілі арқылы жобаланған. Ассемблер, C/C++ (Си) және Паскаль бағдарлама мәтінін қоса, бағдарлама көлемі 217 жолдан тұрады.

Робототехникалық платформаның ноутбуктен орнатылған микроконтроллерге алынған мәліметтерді жіберу және оператор іс-қимылын тануға жауап беретін, C/C++ [3] тілінде бағдарлама мәтінінің бір бөлігі төменде көрсетілген:

```

/*****/
/***** Двигатель В команда ВПЕРЕД *****/
void Motor_B_FWD()
{
    Pwm2_Start();
    PORTB.F1=0;
    PORTB.F2=1;
}
/*****/
/***** Двигатель А команда НАЗАД *****/
void Motor_A_BWD()
{
    Pwm1_Start();
    PORTD.F0=1;
    PORTD.F1=0;
}
/*****/
/***** Двигатель В команда НАЗАД *****/
void Motor_B_BWD()
{


```

Оператор басқаруындағы немесе автономды режимі «басқаруды таңдау» пәрменін басу арқылы іске қосылады және «Оператор» немесе «Автономды режим» ішкі бағдарлама түрінде жүзеге асырылады. «Автономды режим» ішкі бағдарламасының мақсаты сыртқы орта күйінің датчиктерін пайдаланып, кеңістікте робототехникалық платформаның автономды қозғалысын қамтамасыз ету болып табылады.

Тапсырманың шешімін табу барысында, орнатылған компоненттерді таңдау кезінде жобалау платформасының төмен бағада және кішкене салмақпен құрастыру кеңістігімен қамтамасыз ететін, әлемнің алдыңғы қатарлы фирмаларының типтік компоненттері пайдаланылған.

Ақпарат датчиктерінің таңдау қағидалары орнатылған форматта олардың шығысында мәліметтерді қабылдаумен қамтамасыз етеді [1]. PIC16F877 микроконтроллері айрықша форматта аналогты және сандық


сигналдарда өңдеп, қабылдауға мүмкіндік береді. Осы толымдаушы бағдарламалы-аппараттық қамтамасыз ету тестілеу және робототехника бойынша жарыстарға қатысу сияқты нақты бір мақсатта таңдалынған (3-сурет).



Сурет 3. Робототехникалық платформа макетінің құрастырылған сұлбасы

Оператор режимінде платформаны басқару үшін инфрақызыл датчик оператордың іс-әрекетін санайды, платформамен басқарылатын, алынған бейнелерді ноутбук сараптайды және оларды командалар ретінде интерпретация жасайды.

Жобалау кезінде платформа жетегімен ЭЕМ арасында ақпаратты алмасу бағдарламасы жасалынды (4-сурет). Басқарушы ЭЕМ платформа жетегіне ШИМ-сигналдарын генерациялайды.



Сурет 4. Оператормен платформаны басқару және қоршаған ортаны қабылдау ішкі жүйесінің құрылымдық сұлбасы

«Оператор» режимінде бағдарлама жұмысын тестілеу және баптау жүргізілді. Тестілеу барысында оператордың командаларды тану

датчиктерінен мәліметтерді өңдеу тапсырмасының шешімі табылып, PIC16F877 микроконтроллеріне мәліметтерді жіберу шегеріліп қойылған. Датчиктерден алынатын мәліметтер негізінде, нақты уақыт режимінде локальдық кедергілерді ескере отырып, қажетті бағыттарда қозғалыс жасайтын робототехникалық платформа екендігі экспериментті түрде дәлелденген.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Баранов, В.Н. Применение микроконтроллеров AVR [Текст] / В.Н. Баранов / Схемы, алгоритмы, программы. – М.: Додэка-XXI- 2004. – 288 с.
2. Шалыто, А.А. SWITCH-технология автоматный подход к созданию программного обеспечения “реактивных” систем [Текст] / А.А. Шалыто, Н.И. Туккель // Программирование. – 2003. – №2. – С. 88-99.
3. Герберт, Шилдт. Самоучитель С++ [Текст] / Шилдт Герберт / [?]. – СПб.: БХВ-Петербург, 2009.

*Материал редакцияға 13.12.15 түсті.*

**А.А. Орманбекова, Н.М. Бостенов**

*Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати,  
г. Тараз, Республика Казахстан*

#### **АППАРАТНО-ПРОГРАММНЫЙ КОМПЛЕКС ДЛЯ УПРАВЛЕНИЯ ПЛАТФОРМОЙ-РОБОТОМ ROBO-PICA**

В статье представлена разработка аппаратно-программного комплекса для управления робототехнической платформой и программно-алгоритмического обеспечения для автономного движения и бесконтактного управления робототехнической платформой.

**Ключевые слова:** робототехника, робототехническая платформа, автономное управление, драйвер, порты.

**A.A. Ormanbekova, N.M. Bostenov**

*Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan*

#### **HARDWARE-SOFTWARE COMPLEX FOR MANAGEMENT OF THE ROBO-PICA PLATFORM ROBOT**

The article presents the development of hardware and software to control the robotics platform, software and algorithmic provision for autonomous movement and control of non-contact robotic platform.

**Keywords:** robotics, robotic platform, independent management, driver, ports.

ӘОЖ 621.394.6; 654.1

**Л.Н. Есмаханова***Магистр, аға оқытушы**М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,  
Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы  
Эл. пошта: laura060780@mail.ru***ЖАҢА БУЫНДЫ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІЛЕРІ ЖӘНЕ  
SOFTSWITCN ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

Жаңа буынды желілерге өту, ең біріншіден, ашық интерфейстер арқылы функционалдық блоктар өзара әсерлесетін бөлінген архитектураны енгізумен байланысты. Ашық стандарттарға негізделген жабдықты пайдалану байланыс операторы үшін бәсекелесті артықшылық болып келе жатыр, себебі, байланыс қызметін ұсыну және енгізу кезінде илгіштікті қамтамасыз етеді.

**Түйін сөздер:** трафиктің өсуі, сигнализацияның ортақ арнасы, бағдарламалық коммутатор, интерфейс, желілік архитектура, пакеттік коммутация.

Соңғы жылдары Softswitch технологиясы туралы белсенді түрде айтылуда. Дәстүрлік және жаңа операторлар, IP телефониясының операторларын қосқанда байланыс желілерінде Softswitch жүйелерін кеңінен қолдануды сынауда. Сонымен қатар, осындай жүйелерді енгізу мақсатында нормативтік және техникалық база ендірілуде және ол жетілдірілу үстінде.

Телекоммуникациялық желілердің дамуы үш факторлармен анықталады: трафиктің өсуі, қоғамның жаңа қызметтерді қажет етуі және технология саласында жаңа жетістіктерге жетуі. Әрине, бұл факторлар тәуелсіз факторлар емес, алайда олардың әрқайсысы электр байланысының даму идеологиясын анықтайды. Мысалы, жабдықтарды жеткізушілер мен технологиялық жетістіктер жабдықтың құнының төмендеуіне алып келді, яғни бұл өз кезегінде трафиктің өсуіне және жаңа қызметтердің жасалуын қамтамасыз етеді.

Тіркелген желілер трафигі жоғары және тұрақты жылдамдықпен өсуде. Қоғамның жаңа қызметтерге деген қажеттілігі, трафиктің өсуі желілерді құрылу идеологиясының әр 10 жыл сайын өзгерісіне алып келеді.

Сигнализация желісі әр түрлі желілерде орналасқан барлық телекоммуникациялық қызметтер үшін негіз болып табылады. Келешектің интеллектуалды желілерінің сигналдық архитектурасы интеллектуалды желілерде операторлар көптеген жаңа қызметтерді ұсына алатын әр түрлі хаттамаларды қолдай алады. Жалпы қолданысқа берілген телефон желілерінің классикалық сигнализациясына ие болатын «стандартты» мүмкіндіктер жинағы – ақауларды анықтау, сигналдық жүктеменің бөлінуі, бөлінген интеллект пакеттік желілердің масштабтылығы, тез әрекеттілігі мен үнемділігі арқасында күшейтіледі [1].

Келешек желілерінде маңызды орынды №7 Сигнализацияның ортақ арнасы (ОКС) сигнализациясы сақтайды. Ол қоңыраудың қайта бағытталуына, қоңырау туралы деректерді есте сақтауға және қоңырауды басқа да өңдеу функцияларына, бизнес-қосымшалардың жұмысына – абоненттермен есептесу (биллинг), абоненттерге жеке қызмет көрсету,

сондай-ақ жаңа буынның көптеген қызметтерін ұсыну – қоңырау туралы on-line-да жұмыс істеп отырған абонентке хабарлау, алдын-ала төлеу қызметтеріне, сымсыз желі бойынша on-line қосылу кезінде интернеттегі навигацияға және т.б. жауап береді. Сонымен қатар, сигналдық желі деңгейінде IP және №7 ОКС технологияларының комбинация уақыты операторға екі түрлі желілердің артықшылықтарын қолдануға мүмкіндік береді: интеллектуалды желілер (IN) инфрақұрылымын құруға жұмсалатын инвестицияларды сақтауға, IP арқылы дауысты тарату үшін сигнализация хаттамаларын пайдаланатын бір нүктеге жинақталған желілерге ауысуға жағдай жасайды. Бір нүктеге жинақталған желілерде IP-технологиялар мультимедиа сеанстарын, абоненттер қолжетімділігінің жаңа режимдерін, жаңа қызметтерді қолдауға, өткізу жолағын тиімді пайдалану, және нәтиже ретінде операторлардың шығындарын едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

Дәстүрлік телефония желілерінің пакеттік коммутация желілерімен бірігуі заманауи бір нүктеге жинақтау желілерінде ортақ сигналдық желі негізінде іске асырылады. Ортақ сигналдық желі ақпараттың таралуын тәуелсіз басқаруды және әр түрлі желілерді біріктіруді қамтамасыз етеді. Ортақ сигналдық желі провайдерлерге жалпы қолданысқа берілген телефонға (ТФОП) тән және пакеттік желілерге тән икемділікпен және тиімділікпен қызметер жасауға мүмкіндік береді [2].

Сигналдық желілердің заманауи инфрақұрылымы Softswitch технологиясын пайдалануға негізделген бөлінген архитектура бағытына қарай дамиды.

Сигналдық желінің интеллектісі өсуі бойынша сигнализация желілері ақпараттық жүйелерге жақындай бастайды. Ақпараттық жүйелер желілік жоспарлау міндеттерін шешеді, алаяқтықты болдырмайды, абоненттермен есептесу, қызметтерді кепілді түрде ұсыну және басқа да бизнес-қосымшаларды қолдау сияқты міндеттерді шешеді, ал инфрақұрылымның операторлары сигналдық ақпаратты талдау үшін жасанды интеллект әдістерін кеңінен қолдана бастайды.

Телефония және деректерді дамыту желілерінің дамуы барысында NGN концепциясы жасалды, бұл концепция бойынша IP-телефония желісін ТФОП желісімен, интеллектуалды желілермен, ұялы байланыс және интернет желісімен біріктіру ұсынылды. Барлық желілермен және сигнализация түрлерімен өзара әсерлесу мақсатында мультисервистік желінің ядросы болып табылатын Softswitch құрылғысы әзірленді.

Softswitch сөзінің ағылшын тілінен тікелей аудармасы «Бағдарламалық коммутатор» болып табылады. «Бағдарламалық коммутатор» термині дәстүрлік АТС бір түрі сияқты көрінгенімен, алайда, ол шындыққа жанаспайды. Softswitch – NGN байланыс желісінің негізгі элементтерінің бірі. Ол NGN желісін басқаруға арналған құрылғы, яғни жалғануды басқару функцияларын коммутация функцияларынан бөлуге арналған, абоненттердің санының көптігіне қарамастан қызмет жасауға қабілетті және ашық стандартты қолдай отырып, қосымшалар серверлерімен өзара әсерлеседі.

**Жалғануды басқару деңгейін және ақпаратты тасымалдау деңгейін бөлу желісі.**

Вертикалды интегралданған бизнес-модельден барлық пакет қызметтерінің қолжетімділік негізінде құрылған модельге ауысу тенденциясы телекоммуникациялық қоғамда мойындалған стандарт болып келетін жаңа желілік архитектураға алып келеді (1-сурет).




Сурет 1. Жаңа желілік архитектура

Мұндай архитектура кезінде классикалық телефондық торап бір-бірімен ашық вертикалды интерфейстермен байланысқан компоненттерге бөлінеді. Ұқсас процесс IBM компаниясында аппараттық интерфейстердің ашылуымен және аппараттық іске асырудан бағдарламалық басқару модулінің бөлінуімен көзге түскен компьютерлік индустрияда байқалды [1].

Горизонталды интегралданған желілерге ауысу бірегей желілік ресурстар тобын кеңейтуге және операторлық жұмыстың жалпы тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін маңызды қадам болып табылады.

Жаңа архитектурасы бар желіні құру кезінде инвестициялардың салымы тар қызметті жабдықтан (телефон стансалары, маршрутизаторлар) пакеттік, мультисервистік желіні қалыптастыратын жабдыққа ығысады, себебі мамандандырылған мультимедиялық және телефондық ресурстар бақылау мен басқару деңгейінде ғана орналасады (2-сурет).



Сурет 2. Жаңа буынды желіні құру кезінде инвестиция принципінің өзгеруі

Көптеген жаңа қызметтер пакеттік қосымшалармен байланысты. Осылайша, тар қызметті жабдықтан ортақ желілік ресурстарға инвестициялардың ығысуы операторға қажетті икемділікті және басқа қызметтерге сұраныстың өзгерісінен қорғанысты қамтамасыз етеді.

Жаңа желілік архитектураны анықтау бойынша жұмыстар ITU-T, Multiservice Switching Forum, International Packet Communications Consortium сияқты ұйымдарда жүргізіледі.



Желінің архитектурасы әрқашан Softswitch деп аталатын қоңырауды басқару торабынан, телефондық серверден, басқарушы агент және пакеттік желілермен түйісудің шлюздік жабдығынан тұрады.

Әр хаттаманың пайда болуында белгілі-бір логиканы ұстанады. Мысалы, мультимедиялық қызметтерді жаппай ендіруді қамтамасыз ету үшін хаттама қажет болды. Бұл хаттама интернет технологияларын үйлесімді пайдаланады және жаңа қызметтер мен қосымшалардың бірқатарын ендіруге мүмкіндік береді. SIP хаттамасы осы рольге негізгі үміткер болып табылады [3].

Операторлардың пакеттік желілерде классикалық телефон қызметтерінің барлық жинағын қамтамасыз етуге ұмтылу ВСС хаттамасының пайда болуына алып келді, бұл хаттама ISUP хаттамасының эволюциясы болып табылады.

Бөлінген архитектураға ауысқан кезде шлюздік элементтермен басқару хаттамасы қажет және H.248 хаттамасының жетілдірілуіне негізгі бағыт болып табылады. Бұл хаттама IETF (Megaco жұмыс тобы) және ITU-T ұйымдарының бірігіп ықпалдасуының нәтижесінде пайда болды [4].

Sigtran хаттамаларының аймағындағы жұмыстар сигнализация ақпаратының сенімді таралуын қамтамасыз ету үшін қажет болды.

Төменде, 1-кестеде, хаттамалар деректерінің функционалдық қызметтері мен кейбір ерекшеліктері қысқаша келтірілген.

Кесте 1

Хаттама	Softswitch архитектурасындағы функция	Қолданылуы
1	2	3
SIP	Байланыс сеансының орнатылуы және басқарылуы	IP желілері бойынша дауыстық және мультимедиялық қоңырауларды орнату үшін қолданылады. Интернетте қабылданған көптеген механизмдерді пайдаланады және H.248 хаттамасымен салыстырғанда ең қарапайым болып саналады. Терминалдық құрылғылар SIP агентінің бағдарламалық қамтамасыздандырылуынан тұрады. Интеллектуалдылық тірек желісінен абоненттік құрылғыларға ығысады.
SIP-T	SIP желі арқылы ЖҚБТ (ТфОП) ISUP сигнализацияның таратылуы	SIP желісі бойынша ISUP хабарламаларының таза таратылуын қамтамасыз ететін SIP хаттамасының арнайы түрлілігі. Нақтығында, SIP желісі классикалық транзиттік стансаның функциясын орындайды. Стандарттау бойынша жұмыс ЖҚБТ қабылданған барлық функционалдылықты қамтамасыз ету үшін жалғастырылады.
H.323	Байланыс сеансының орнатылуы және басқарылуы	IP бойынша дауысты тарату желілерінде кеңінен таралған хаттама. SIP хаттамасымен салыстырғанда аз перспективті және қиын масштабталатын болып саналады.

1-кестенің жалғасы

1	2	3
H.248/M EGACO	Пакеттік желіге қолжетімділік шлюзымен басқару	Ең келешекті және жасалынатын стандарт. Әлеуетті түрде әртүрлі жабдықтардың үйлесімділіктері бойынша көптеген мүмкіндіктерді қамтамасыз ету керек.
MGCP	Пакеттік желіге қолжетімділік шлюзымен басқару	Берілген хаттаманы пайдаланатын желілер бар болса да, оның ары қарай дамуы жөніндегі хаттаманың ерекшеліктерінің арқасында жұмыстар проблемалы бар
BICC	Басқарудың бөлінген деңгейлері мен ақпаратты тасымалдау желілерінде қоңырауларды басқару	Тасымалдау пайдаланған түріне (IP, ATM) байланысты емес жалғануды орнату хаттамасы. ТфОП/ЦСИО желісінің толық қызметтер жинағын іске асырады. Тек қана сигналдық процедураларды ғана емес, сонымен қатар желілік архитектураны да сипаттайтын стандарттар жинағынан тұрады. 3GPP ұйымымен 3-буынның ұялы байланыс желілері үшін қабылданған.
SIGTRAN	IP желі бойынша басқару және сигнализация хаттамаларының таратылуы	IP желісі бойынша сигнализацияны сенімді таратуды қамтамасыз ету үшін IETF ұйымымен ұсынылатын стандарттардың жинағы.

Осылайша, жабдықпен қандай да бір хаттамаларды қолдау мәселесі талап етілетін желілік функционалдылықты қамтамасыз етумен тікелей байланысты болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕРІ ТІЗІМІ

1. Гольдштейн, Б.С. Системы коммутации [Текст]: учебн. для вузов / Б.С. Гольдштейн. – 2-е издание, перераб. и доп. – СПб.: БХВ - Санкт – Петербург, 2004. – 170 с.
2. Гольдштейн, Б.С. Сигнализация в сетях связи [Текст] / Б.С. Гольдштейн // [?]. – 2005. – Т. 1. – №2. – С. 24-28.
3. Гольдштейн, Б.С. Интеллектуальные сети [Текст] / Б.С. Гольдштейн, И.М. Ехриель, Р.Д. Рерле // Радио и связь. – 2000. – №3. – С. 36-39.
4. Гольдштейн, А.Б. Технология и протоколы MPLS [Текст] / А.Б. Гольдштейн, Б.С. Гольдштейн. – СПб.: БХВ - Санкт – Петербург, 2005. – 53 с.

Материал редакцияға 28.11.15 түсті.

**Л.Н. Есмаханова**

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати,  
г. Тараз, Республика Казахстан

**СЕТИ СВЯЗИ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ  
И ТЕХНОЛОГИЯ SOFTSWITCH**

Переход к сетям нового поколения, в первую очередь, связан с внедрением разделенной архитектуры, где функциональные блоки взаимодействуют через открытые интерфейсы. Использование оборудования, основанного на открытых стандартах, становится для оператора связи конкурентным преимуществом, поскольку обеспечивает гибкость при внедрении и предоставлении услуг связи.

**Ключевые слова:** рост трафика, общий канал сигнализации, программный коммутатор, интерфейс, сетевая архитектура, коммутация пакетов.

**L.N. Esmakhanova**

*Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan*

**COMMUNICATION OF NEW GENERATION NETWORKS  
AND TECHNOLOGY OF SOFTSWITCH**

Passing to the networks of new generation, first of all, related to introduction of a divide architecture, where function boxes cooperate through open interfaces. Using of the equipment based on open standards becomes a competitive edge for the operator of connection, as provides flexibility at introduction and providing the services to connection.

**Keywords:** height of traffic, general channel of signaling, programmatic switchboard, interface, network architecture, commutation of packages.

ӘОЖ 621.394.6

**Л.Н. Есмаханова<sup>1</sup>, Г. Момбай<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>Магистр, аға оқытушы, <sup>2</sup>Студент*

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,  
Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы*

*Эл. пошта: <sup>1</sup>laura060780@mail.ru, <sup>2</sup>gulzat\_beautiful.96@mail.ru*

**ХАБАРЛАМАНЫ, СИГНАЛДАРДЫ ЖӘНЕ БӨГЕУЛДЕРДІ  
КӨРСЕТУ МЕН ТҮРЛЕНДІРУ**

Ақпарат таратудағы хабарламаның түрлері мен олардың сипаттамалары қарастырылған. Ақпаратты қабылдау кезінде радиожүйемен шешілетін негізгі міндеттер келтірілген. Байланыс жүйелері мен кодтау және модуляция операциялары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** ақпарат, хабарлама, квант, сигнал, дискреттік, детерминерлеу, байланыс жүйесі, кодтау, арна, диапазон, жиілік.

**Хабарламаның түрлері және олардың сипаттамалары**

Қандай да бір объект немесе құбылыс туралы мәліметтердің жиынтығы

**ақпарат** деп аталады.

Ақпараттың сақталуы, өңделуі және түрленуі белгілі-бір символардың (алфавит әріптері, математикалық белгілер, суреттер, уақыттық диаграммалар) көмегімен іске асырылады.

Ақпараттан тұратын символардың жиынтығы **хабарлама** деп аталады. Мысалы, телеграфтық тарату кезінде ақпарат әріптер және сандар түрінде көрінеді, ал хабарлама дегеніміз телеграмма мәтіні болып табылады.

Байланыстың телефондық жүйелерінде хабарлама ретінде сөз таратылады, яғни дыбыстық қысымның үздіксіз өзгеруі. Қазіргі уақытта ақпарат екілік формада, яғни шартты символдармен көрсетіледі. Бұл жағдайда хабарлама екілік символдардың соңғы сандарының тізбектілігі ретінде көрсетіледі.


Хабарламаның шығу көзінен бастап хабарлама алушыға дейін тарату үшін физикалық процестер пайдаланылады, мысалы, дыбыстық және электромагниттік толқындар, электр тогы немесе кернеу. Хабарламаны көрсететін физикалық процесс сигнал деп аталады [1].

**Сигналдар** табиғаты жағынан электрлік және электрлік емес болуы мүмкін. Табиғаты жағынан электрлік емес сигналдар радиотехникалық байланыс жүйелерінде хабарламаны тарату үшін түрлендіргіштердің (микрофон, таратушы теледидар түтікшелері, температура немесе қысым датчиктері және т.б.) көмегімен электрлік ауытқуларға түрленеді.

Осы электрлік ауытқулар **алғашқы сигналдар** деп аталады.

Уақыт бойынша сигналдардың өзгеруіне байланысты келесі сигнал түрлерін ажыратады:

- уақыт және деңгей бойынша үздіксіз (1-сурет, а);
- деңгей бойынша үздіксіз және уақыт бойынша дискретті (1-сурет, б);
- деңгей және уақыт бойынша дискретті (1-сурет, г);
- деңгей бойынша дискреттік (квантталған) және уақыт бойынша үздіксіз (1-сурет, в).



Сурет 1. Сигналдар түрлері

Уақыт және деңгей бойынша үздіксіз сигналдар шексіз интервалда беріледі және кейбір диапазонда кез-келген мәндерді қабылдайды. Мұндай сигналдарға мысал ретінде микрофон шығысындағы, температура, қысым, орналасу сигналдарын келтіруге болады. Физикалық шамалардың электрлік модельдері аналогты сигналдар деп аталады.

Деңгей бойынша үздіксіз және уақыт бойынша дискретті сигналдар

уақыттың белгілі-бір дискреттік моменттерінде беріледі де, кейбір диапазоннан кез-келген мәндерді қабылдай алады. Оларды үздіксіз сигналдардан белгілі-бір моменттерде есептеу арлығы алуға болады. Бұл түрлену *уақыт бойынша дискреттеу* деп аталады. Дискреттеу қадамы  $T_d$  (екі көрші есептеу арасындағы уақыт аралығы) тұрақты және айнымалы болуы мүмкін [2].

Деңгей және уақыт бойынша дискретті сигналдар деңгей бойынша квантталған деп аталады және уақыттың кейбір интервалында беріледі де, тек қана дискреттік мәндерді ғана қабылдайды. Оларды деңгей бойынша кванттау операциясын үздіксіз сигналдарды алуға болады. Осы операцияның нәтижесінде үздіксіз сигнал сатылы функциямен алмастырылады. *Кванттау қадамы  $\Delta x$  (екі көршілес деңгей арасындағы қашықтық) тұрақты және айнымалы болуы мүмкін.*

Деңгей бойынша дискреттік (квантталған) және уақыт бойынша үздіксіз **дискреттік** деп аталады, белгілі-бір дискреттік моменттерде беріледі және белгілі-бір дискреттік мәндерді қабылдайды. Оларды, мысалы, үздіксіз сигналдардан уақыт бойынша дискреттеу және деңгей бойынша кванттау бойынша операцияларын іске асыру арқылы алуға болады. Мұндай сигналдарды сандық формада көрсетуге болады, сондықтан бұл сигналдарды сандық деп атайды.

Таратуға жататын хабарламалар *кездейсоқ шама* немесе *кездейсоқ функция* болып саналады. **Детерминирленген** (алдын-ала белгілі) хабарламалардың құрамында ақпарат болмайды, оларды таратудың мағынасы жоқ, яғни сигнал кездейсоқ процесс деп саналады [1].

Детерминирленген сигналдар ақпаратты тасымалдамайды. Байланыс техникасында оларды әртүрлі радиотехникалық тізбектердің қасиеттерін игеру үшін пайдаланады.

Ақпаратты тарату теориясы мен техникасындағы прогресс сигналдарды тарату теориясының дамуымен тығыз байланысты, себебі ақпарат тікелей таратылмайды, ол алдын-ала таратылатын сигналдарға түрленеді, яғни ақпарат сигналдар көмегімен және сигналдар формасында таратылады. Ақпаратты қабылдау кезінде радиожүйемен шешілетін негізгі міндеттерге бөгеуіл фонында сигналды анықтау, бөгеуіл фонында сигналдарды ажырату, сигнал параметрлерін бағалау, хабарламаны шығару жатады.

**Байланыс жүйесі** деп хабарламаның шығу көзі мен алушыны қосып, ақпаратты таратуға арналған техникалық құралдардың жиынтығын айтамыз (2-сурет).


Хабарламаның шығу көзі ретінде датчик, ЭЕМ болуы мүмкін.

Хабарламаның түріне байланысты **дискреттік** және **үздіксіз шығу көздері** болып ажыратылады.

**Таратушы құрылғы  $x(t)$**  хабарламаны байланыс желісі бойынша таратылатын  $s(t)$  сигналға түрлендіруге арналған. Жалпы жағдайда ол кодтау және модуляция операцияларын орындайды (3-сурет). Сандық әдістермен үздіксіз хабарламаны тарату кезінде таратушы құрылғы уақыт бойынша дискреттеу және деңгей бойынша кванттау операцияларын іске асырады.

*Кодтау* дегеніміз – дискреттік хабарламаның белгілі-бір ереже бойынша іске асырылатын кодты символдардың тізбектілігіне түрлену болып табылады.


Біркелкі және біркелкі емес кодтарды ажыратады. Кодты комбинациядағы символдар саны код ұзындығы деп аталады.



Сурет 2. Байланыс жүйесі

Мысал ретінде орыс алфавитінің таралуын қарастырайық. Олардың саны телеграфияда 32 тең. Жалпы жағдайда осы әріптерді тарату үшін 32 түрлі сигналдар қажет. Мұндай байланыс жүйесі едәуір қымбат және көлемді. Тәжірибеде, әдетте, екілік жүйелерді (екі сигналды жүйелер) пайдаланады. Осы байланыс жүйесі бойынша 32 түрлі әріптерді тарату үшін осы әріптерді алдын-ала екілік сандардың тізбектілігіне түрлендіру қажет, яғни кодтау керек.

**Кодтау** ақпараттың таралу шынайлығын арттыруға мүмкіндік береді. Барлық кодтар қарапайым және бөгеуілге қарсы деп ажыратылады (3-сурет). **Қарапайым кодтар** мүмкін болатын барлық кодты комбинациялардан тұрады.



Сурет 3. Кодтау және модуляция операциялары

**Бөгеуілге қарсы кодтарда** мүмкін болатын барлық комбинациялардың ішінен кейбір бөлігі ғана пайдаланылады. Осының арқасында қабылданған комбинацияларда қателерді тауып, түзету мүмкіндігі бар, яғни ақпаратты тарату шынайлығын арттыруға мүмкіндік береді.

Кодтау міндеттеріне сәйкес шығу көзі үшін кодтау құрылғысын (кодер) және арна үшін кодтау құрылғысын ажыратады. Бірінші құрылғының міндеті – хабарламаны үнемді түрде көрсету, ал екінші құрылғының міндеті – хабарламаның шынайы таратылуын қамтамасыз ету.

Алғашқы сигналдар төмен жиілікті болып табылады. Оларды тек байланыс желілерінің өткізгіштері бойынша таратуға болады. Радиожелілер бойынша хабарламаны тарату үшін тасымалдағыштар деп аталатын арнайы ауытқуларды пайдаланады. Олар байланыс желілері бойынша жақсы таратылуы мүмкін. Тасымалдағыштардың өздері таратылатын хабарлама туралы ақпараттан тұрмайды. Оларға ақпаратты салу үшін модуляция операциясын қолданады. Модуляция дегеніміз – таратылатын хабарламаның заңы бойынша тасымалдағыштың бір немесе бірнеше параметрлерін өзгеруді айтады. Осы операцияны іске асыратын құрылғы модулятор деп аталады [3].

**Байланыс желісі** дегеніміз сигналдарды таратуға арналған орта. Радиожелілерде орта ретінде таратқыштан қабылдағышқа таратылатын электромагниттік толқындар кеңістік қызметін атқарады.

*Қабылдау құрылғысының негізгі міндеті* қабылданған сигналдан  $u(t)$  таратылатын хабарламаны ажырату болып табылады. Жалпы жағдайда бұл қабылданған сигналға демодуляция және декодтау операцияларын орындау арқылы іске асырылады. Осы операцияларды орындайтын құрылғылар **демодулятор** және **декодер** деп аталады.

Дискреттік хабарламаларды тарату жүйесінде хабарламаны бастапқы қалыпқа келтірудің екі әдісі бар: әр элемент бойынша қабылдау және бүтін қабылдау. Бірінші жағдайда қабылданған сигналдың элементтері талданады. Бұл кезде демодулятор шығысында кодты символдардың тізбектілігі пайда болады. Бұл тізбектілік дискреттік хабарламаны бастапқы қалпына келтіру үшін декодтауға ұшырайды. Екінші жағдайда кодты комбинацияға сәйкес болатын сигналдың кесіндісі талданады. Мұндай жүйелерде демодуляция және декодтау операциялары біріккен және олар бір құрылғымен орындалады.

Кірістік сигналдың талдауын жасап, таратылған хабарлама туралы шешім қабылдайтын қабылдау құрылғысының бөлігін шешуші схема деп атайды.

*Таралу ортасымен бірге техникалық құралдардың берілген жиынтығы арна* деп аталады.

Арнаның нақты құрамы шешілетін міндеттердің шеңберімен анықталады. Мысалы, кейбіреулері байланыс желілерінен, басқалары – модулятор, байланыс желісінен және демодулятордан тұруы мүмкін.

Бір желі бойынша бірнеше хабарламалардың таратылуын қамтамасыз етуге болады. Мұндай байланыс жүйелері **көп арналы** деп аталады. Арналы сигналдарды бөлу үшін олар бір-бірінен қандай да бір белгілер бойынша ажыратылуы керек. Сондықтан уақыт, жиілік және форма бойынша бөлінудің көп арналы жүйелерін ажыратады.

Арна саны бойынша бір арналы және көп арналы жүйелер ажыратылады. Кері арнаның болуына байланысты кері байланысы бар және жоқ арналар болып бөлінеді.

Таратылатын хабарламаның түріне байланысты жүйелердің келесі түрлерін ажыратады:

*Телефондық* – сөзді таратуға арналған;

*Телеграфтық* – мәтінді таратуға арналған;

*Фототелеграфтық* – жылжымайтын суреттерді таратуға арналған;

*Теледидарлық* – суреттерді таратуға арналған;

*Телеметриялық* – өлшеу ақпаратын таратуға арналған;

*Телебасқару жүйесі* – басқару командаларын таратуға арналған;

*Деректерді тарату жүйелері* – автоматтандырылған басқару жүйелеріне қызмет көрсетуге арналған.

Хабарламаны таратуға пайдаланылатын радиотолқындардың тарату механизміне байланысты *ионосфералық, тропосфералық, метеорлық және космостық* жүйелер болып бөлінеді.

Дискреттік хабарламаларды тарату кезінде аппаратураның тез әрекеттілігін сипаттау үшін техникалық жылдамдық деп аталатын түсінік пайдаланылады. Ол дискреттік хабарламаның уақыт бірлігінде таратылатын символдар санымен анықталады да, бодпен өлшенеді.

Аппаратты тарату жүйесінің маңызды сипаттамаларының бірі **кідіріс** болып табылады. *Кідіріс дегеніміз – таратушы құрылғымен қабылдау құрылғысына хабарламаны таратуға кеткен уақыт аралығы.* Ол байланыс желісінің ұзындығына және таратушы және қабылдаушы құрылғыларындағы сигналды өңдеу уақытына байланысты [4].

**Байланыс арналарын** әр түрлі көрсеткіштері бойынша жіктеуге болады. Сигналдарды тарату теориясында арналарды сигналдардың кіріс пен шығыстағы мінездемелері бойынша топтайды.

**Үздіксіз, дискреттік және дискретті-үздіксіз арналарды** ажыратады.

Үздіксіз арналарда сигналдар кіріс пен шығыста деңгей бойынша үздіксіз, дискреттік арналарда – олар дискретті, ал дискретті-үздіксіз арналарда – сигналдар кірісте дискретті, ал шығысында үздіксіз және керісінше болып келеді.

Арналар қызметі бойынша - *телеграфтық, теледидарлық, телеметриялық және т.б.*; таратудың физикалық ортасы бойынша - *өткізгіштік, кабельдік, толқын жетекті және т.б.* болып ажыратылады.

Радиодиапазонға  $30...30 \cdot 10^{12}$  Гц аралығындағы жиіліктер жатады, бұл толқындардың  $10^8$  м-ден 0,1 мм дейінгі ұзындықтарына сәйкес келеді. Радиодиапазоннан басқа қазіргі уақытта толқындардың оптикалық диапазоны қолданыс тапты. Электромагниттік сәулеленудің дискреттік мінездемесіне байланысты толқындардың оптикалық диапазонында мұндай арналарды **кванттық** деп атайды. Радиодиапазондар туралы деректер 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1

Жиіліктер диапазоны	Толқындар диапазоны	Жиіліктердің атаулары	Толқындардың атаулары
30...300 Гц	1000...10000 км	Аса төмен (СНЧ)	Мегаметрлік
300...3000 Гц	100...1000 км	Инфратөмен (ИНЧ)	Гектокилометрлік
3...30 кГц	10...100 км	Өте төмен (ОНЧ)	Мериаметрлік
30...300 кГц	1...10 км	Төмен (НЧ)	Километрлік
300...3000 кГц	100...1000 м	Орташа (СВ)	Гектометрлік
3...30 МГц	10...100 м	Жоғары (ВЧ)	Декаметрлік
30...300 МГц	1...10 м	Өте жоғары (ОВЧ)	Метрлік
300...3000 МГц	10...100 см	Ультражоғары (УВЧ)	Дециметрлік
3...30 ГГц	1...10 см	Аса жоғары (СВЧ)	Сантиметрлік
30...300 ГГц	1...10 мм	Шектен жоғары (КВЧ)	Миллиметрлік
300...3000 ГГц	0,1...1 мм	Гипержоғары (ГВЧ)	Децимиллиметрлік



Радиотолқындардың таралу әдісіне байланысты ашық және жабық таралатын арналарды ажыратады. Жабық таралуы бар арналарда электромагниттік энергия бағыттаушы желілер (кабельдік, өткізгіштер, толқын жетекшілер) бойынша таралады. Оларға бөгеуілдердің аз деңгейі және сигнал параметрлерінің тұрақтылығы тән, яғни бұл ақпараттың жоғары жылдамдықпен және шынайылықпен таралуын қамтамасыз етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нефедов, В.И. Основы радиоэлектроники и связи [Текст]: уч. пос. / В.И. Нефедов, А.С. Сигов, под ред. В.И. Нефедова. – М.: Высшая школа, 2009. – 735 с.
2. Гуменюк, А.Д. Основы электроники, радиотехники и связи [Текст]: уч. пос. для вузов / А.Д. Гуменюк, В.И. Журавлев, Ю.Ю. Мартюшев [и др.], под ред. Г.Д. Петрухина. – М.: Горячая линия - Телеком, 2008. – 480 с.
3. Баркун, М.А. Цифровые системы синхронной коммутации [Текст] / М.А. Баркун, О.Р. Ходасевич. – М.: Радио и связь, 2001.
4. Баскаков, С.И. Радиотехнические цепи и сигналы [Текст] / С.И. Баскаков. – М.: Высшаяшкола, 2000.

*Материал редакцияға 28.11.15 түсті.*

**Л.Н. Есмаханова, Г. Момбай**

*Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати,  
г. Тараз, Республика Казахстан*

#### **ПРЕДСТАВЛЕНИЯ И ПРЕОБРАЗОВАНИЯ СООБЩЕНИЙ, СИГНАЛОВ И ПОМЕХ**

Рассмотрены различные виды и характеристика сообщений для распространения информации. Представлены основные задачи, решаемые радиосистемой при принятии информации. Приведены системы связи, кодировки и операции по модуляции информации.

**Ключевые слова:** информация, сообщение, квант, сигнал, дискретный, детерминированный, система связи, кодирование, канал, диапазон, частота.

**L.N. Esmakhanova, G. Mombay**

*Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan*

#### **PRESENTATION AND TRANSFORMATION OF COMMUNICATIONS AND SIGNAL INTERFERENCE**

Various types and characteristics of communications for the dissemination of information are considered. The main problems to be solved in making radio information are presented. The communication systems, coding and modulation operation of information are described.

**Keywords:** information, communication, quantum signal, discrete, deterministic, communication systems, encryption, channel, range, frequency.

ӘОЖ 621.394.6; 654.1

Л.Н. Есмаханова<sup>1</sup>, Н. Қалдыбай<sup>2</sup><sup>1</sup>Магистр, аға оқытушы, <sup>2</sup>СтудентМ.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,  
Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы<sup>1</sup>Эл. пошта: laura060780@mail.ru**ТАЛШЫҚТЫ-ОПТИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІЛЕРІНДЕ  
ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА ШОЛУ**

Қазіргі уақытта DWDM (Dense Wavelength Division Multiplexing) технологиясы өткізу жолағының экономикалық өсуінің жоғарлауын қамтамасыз етеді, ал тәжірибеде өзінің сенімділігін көрсетеді. Көп жағдайларда DWDM технологияларын пайдаланудың арқасында оптикалық байланыс желілерінің өткізу қабілеті жүз есе артуы мүмкін. Толқынның ұзындығы бойынша аса нығыздау толқындық мультиплексирлеу технологиясы DWDM талшықты-оптикалық магистральдардың өткізу қабілеттерін едәуір ұлғайтады.

**Түйін сөздер:** уақыттық нығыздалу, оптикалық мультиплексирлеу, демультимплексирлеу, цифрлық тарату, толқын ұзындықтары, кабельдік өшулік, спектральды технология.

Қазіргі уақытта оптикалық талшықта тарату ретінде жаһандық байланыс желілерінің үш технологиялары кең қолданысқа ие: PDH – плезиохронды цифрлық иерархия, SDH/SONET – синхронды цифрлық иерархия және WDM – толқындық мультиплексирлеу технологиясы. Алғашқы екі технология (PDH және SDH) жергілікті желіде кең қолданысқа ие. SDH технологиясы мүмкіндігінің жоғалмауы мен қымбаттылығы әсерінен WDM технологиясына қолданылмайды. WDM транспортты технологиялары ұсынатын физикалық деңгейдің (модель OSI) интерфейстерін пайдаланудың арқасында оптикалық тарату ортасын пайдаланатын (FDDI, ATM және GBE – Gigabit Ethernet – гигабитті Ethernet), технологияларынан басқа тек соңғы екі (ATM және GBE) технологиялар жаһандық технологиялар ретінде қарастырылатын болды (ең алдымен бұл ATM қатысты). Қазіргі уақытта талшықты байланыс жүйелеріндегі WDM дамуы жүзеге аспағандықтан, аталған технологиялар талшықты-оптикалық байланыс технологиялары ретінде қарастырылмайды. Төменде PDH және SDH технологиялары және WDM технологиялары көрсетілген [2]. Уақыттық мультиплексирлеудің цифрлық әдісін пайдаланғанда мультиплексорды бірінші деңгейде 64 кбит/с тарату жылдамдықтағы кіріс сигналдары ретінде (немесе DS0)  $n \times 64$  кбит/с жылдамдықтағы біріншілік цифрлық ақпараттар ағынын қалыптастыра отырып қолданады. Bell D2 жүйесі үшін  $24 \times 64$  кбит/с = 1536 кбит/с информациялық ағынды, ал CEPT –  $30 \times 64$  кбит/с = 1920 кбит/с, осыларға 8 кбит/с каналдар қосылады (D2 үшін) немесе екі каналы (CEPT үшін), синхронизацияны жүзеге асыру, және сигнализация мен қателікті бақылау үшін (CRC). Нәтижесінде біріншілік ағын қайталанатын топтардан және осылардың әрқайсысы фрейм немесе цикл құрылымына ие болады. Bell D2 жүйесінде T1 (1544 кбит/с) фреймі қалыптасады, ал CEPT жүйесінде – фрейм E1 (2048 кбит/с). Егер  $m:1, l:1, k:1, \dots$ , типтегі мультиплексорды қолданатын, мультиплексирлеудің бұл деңгейін каскадтық сұлбада біріншілік,

мультиплексорлаудың екіншілік, үшіншілік және де басқа да деңгейлер деп есептесек, онда цифрлық тарату жылдамдығының иерархиялық топтарын немесе цифрлық иерархияларды қалыптастыруға болады. Бұлар мультиплексерлеу процессін немесе арналардың тығыздалуын шығысындағы дәйекті каскадтар үшін әртүрлі мультиплексерлеу коэффициенттерін таңдау арқылы DS0 каналдар санын қажетті деңгейге жеткізуге мүмкіндік береді [2].


SONET/SDH синхронды желілік технологиялары пайда болмастан бұрын құрастырылған және енгізілген цифрлық желілер негізінен асинхронды желілер болған, өйткені орталық тірек көзінен сыртқы синхронизацияны пайдаланбаған. Бұларда бит жоғалтулары (немесе олардың нақты локализацияланбау мүмкіндігі) ақпараттардың жоғалуына ғана емес, сонымен қатар синхронизацияның да бұзылуына әкеліп соқтырды. Синхронды желілердегі барлық жергілікті таймерлердің орташа жиілігі орталық таймерді, дәлдігі  $10^{-9}$  кем емес (мысалы DS3 үшін 0,045 бит/с реттегі жылдамдықтан ауытқуы) қолданудың арқасында бірдей (синхронды) немесе синхронға жақын (плезиохронды). Бұл жағдайда фреймдер немесе мультифреймдерді теңестіру диапазондарды теңестіруге қарағанда маңызды емес. Сонымен қатар, белгілі бір ағын фрагменттерін бөлу жағдайлары (мысалы, E1 арнасы) жеңілдетіледі, себебі фреймді инкапсуляциялайтын сұлбаға осы фрагменттің басы енгізіледі.

Көрсеткіштерді пайдалану контейнері – таратқыштардың ішкі құрылымын жеңіл тұтастыруға мүмкіндік береді. Буферлерге көрсеткіштерді сақтау (фрейм тақырыпшасына немесе мультифреймде) және олардың қателіктерді түзеу қорғаныстық кодтары желі арқылы жіберілетін пайдалы жүктемені ішкі құрылым арқылы локализациялайтын сенімді жүйені алуға мүмкіндік береді (фрейм, мультифрейм немесе контейнер) [2]. Ұсынылған түсініктер синхронды желілердің қолданылатын асинхрондауға қарағанда біршама артықшылықтары бар екенін көрсетеді, олардың ішіндегі маңыздылары мынадай: – жеңілдетілген желілер, синхронды желілердегі бір кіріс-шығыс мультиплексоры шығаруға (енгізуге), мысалы E1 сигналы (2 Мбит/с) STM-1 модулінен шығып қондырғы мен оны орнату жерінен үнемдей отырып барлық PDH мультиплексорының “тізбегінің” орнын басады; – сенімділік және қайта қалпына келу желісі, біріншіден желі электромагниттік кедергі әсерлеріне ұшырамаған талшықты-оптикалық кабелін қолданады, екіншіден желі біреуі зақымданған кезде бірден қосылуға мүмкіндігі бар сигналдарды таратудың екі баламалы жолын пайдалануға рұқсат ететін, сонымен қатар зақымданған орталық желіні тексеріп шығу, архитектурасы және оңтайлы басқарылуы қорғалған жұмыс режимімен қолдануға мүмкіндік береді, осы қасиеттер бұл желілерді қайта қалпына келтіруші етеді; – желілерді басқару икемділігі, элементтік менеджмент пен желілік деңгейдегі иерархиялық басқару жүйесінің біршама кеңжолақты арналар санымен негізделген; – талаптарға сәйкес өткізу жолақтарының бөлінуі – сервис, бұрын тек алдын ала жоспарланған уағдаластық арқылы жүзеге аса алатын (мысалы, бірнеше күн бұрын) енді аз ғана секунд ішінде басқа арнаға (кеңжолақты) қосылу арқылы жүзеге аса алады; – кез келген трафикті тарату үшін айқындық – факт, виртуалды контейнерлерді трафикті жіберу үшін негізделген, басқа технологиялармен, соның ішінде ең заманауи технологиялармен жабдықталған: Frame Relay, IP, ISDN және ATM; – қолдану ерекшелігі – технология бірнеше жергілікті желілерді топтастыруға арналған, жаһандық желілерді құру немесе жаһандық магистралдарды және сақиналық

корпоративтік желілерді жасау үшін пайдалануы мүмкін; – қуатты арттыру қарапайымдылығы – универсалды тіреуі бар аппаратураларды орнату үшін келесі жоғары жылдамдықты иерархия жаңа (үлкен жылдамдыққа арналған) блок-карталарды орнату арқылы жүзеге асады. Қазіргі кезде талшықты-оптикалық байланыс желісін пайдалану кезінде WDM/DWDM технологиялары кеңінен пайдаланылады. WDM – бұл арналардың спектральды тығыздалуы (англ. Wavelength-division multiplexing, WDM, толқын ұзындығы арқылы мультиплексерлеу) – бір уақытта әртүрлі жиіліктегі бірнеше ақпараттық каналдарды таратуға мүмкіндік беретін технология [1].

WDM технологиясы арналардың өткізу қабілетін үлкейтуге (2003 жылға қарай жылдамдық 10,72 Тбит/с, ал 2012 — 20 Тбит/с), бұл сонымен қатар жүргізілген талшықты-оптикалық желілерді пайдалануға мүмкіндік береді. WDM технологиясы арқасында екі жақты көп арналы трафиктерді бір талшық арқылы таратуға болады. DWDM жүйесінің артықшылығы жоғары жылдамдықты сигналдарды алыс қашықтарға аралық пункттерді қолданбастан жіберіу мүмкіндігі (сигнал регенерациясы және аралық күшейткіштер) болып табылады. Бұл артықшылықтар сирек қоныстанған жерлерге мәліметтерді таратуда өте қажетті. Байланыс желілерінің өткізу қабілетінің жоғарылауы жыл сайын артады, және бұның алдағы 10 жыл ішінде төмендеуі екіталай. Сонымен қатар, бұл талап географиялық тұрғыда кең таралуда. Жеткізушілерге бағаны төмендету, елдің телекоммуникация және интернетті пайдалануға деген қызығушылықтағы монополиялық позицияда әлсіреуі тарату жылдамдығына деген сұранысты үлкейтеді.

Қазіргі уақытта DWDM технологиясы өткізу жолағының экономикалық өсуінің жоғарлауын қамтамасыз етеді, ал тәжірибе жүзінде өзінің сенімділігін көрсетеді. Көп жағдайларда DWDM технологияларын пайдаланудың арқасында оптикалық байланыс желілерінің өткізу қабілеті жүз есе артуы мүмкін. Спектральды технологияның, немесе оптикалық тығыздалудың негізі көптеген SDH сигналдарын бір талшық арқылы құру мүмкіндігі, яғни байланыс желілерінің өткізу қабілетінің жоғарлауында. Алғашында мультиплексті жүйелер зертханалық зерттеулер жүргізу үшін жасалды, тек 1980 жылы спектральды тығыздалу технологиясы (Wavelength Division Multiplexing, WDM) телекоммуникация үшін ұсынылды. Ал бес жылдан кейін зерттеу орталығының AT&T компаниясында спектральды тығыздалу технологиясы жүзеге асыру арқылы (Dense Wavelength Division Multiplexing, DWDM), бір оптикалық талшық ішінде 2 Gbps-тан 10 арнаны құруға мүмкіндік туды. Бұл адам көзіне көрінетін жарықты DWDM технологиясы арқылы таратып және қайта жинақтауға болатын әртүрлі түстерден тұратын жарық негізінде жүреді, ол әртүрлі толқын ұзындықтарынан тұрады. Жарықтық ағын, яғни бір талшық арқылы стандартты жүздеген арналарды беруге болады. DWDM принциптік сұлбасы біршама оңай. Бір талшықта бірнеше оптикалық арналарды орнату үшін SDH сигналдарын «бояйды», яғни әрбір осындай сигнал үшін толқынның оптикалық ұзындығын өзгертеді. «Боялған» сигналдар мультиплексор арқылы араласып оптикалық желіге беріледі [3]. Соңғы пунктте кері операция жүреді – SDH «боялған» сигналдары топтық сигналдан бөлініп, қолданушыға жіберіледі (1-сурет).



Сурет 1. DWDM принципалды сұлбасы

Бір талшық арқылы бірнеше талшықты ағындарды тарату үшін DWDM технологиясы ерекше дәлдікті қондырғымен жабдықталған. Толқын ұзындығын қамтамасыз ететін телекоммуникацияда қолданылатын стандартты лазер қателігі DWDM жүйесінен жүз есе көп. Оптикалық талшық арқылы өтетін сигнал біртіндеп өшеді. Оны арттыру үшін оптикалық күшейткіштер қолданылады (2-сурет). Бұл ақпараттарды 4000 км дейінгі ара қашықтықтарға оптикалық сигналдарды электрлік сигналдарға түрлендіруге таратуға мүмкіндік береді (салыстыру үшін, SDH-те бұл ара қашықтық 200 км аспайды).



Сурет 2. DWDM қондырғысы

DWDM жүйесінің артықшылығы айқын. Бұл технология талшықты-оптикалық арналардағы өткізу жолағын кеңейтудің ауқымды және тиімді әдістерін пайдалануға мүмкіндік береді. DWDM жүйесі негізінде оптикалық желілердің өткізу қабілетін жаңа оптикалық арна қондырғыларындағы желінің дамуына байланысты үлкейтуге болады. Өткізу жолағының ені ақпаратты тарату жылдамдығына байланысты. Жоғалтулар (өшулік) сигналды жіберуге болатын арақашықтықты анықтайды. Сигналдың жіберілетін желісіне байланысты оның амплитудасы азаяды. Бұл амплитуданың азаюы өшулік деп аталады. Оптикалық кабельдегі өшулік жиілікке байланысты емес және ол белгілі бір жиілік диапазонында әдетте қолданылмайтын өте жоғары жиілікте тұрақты болады.

Оптикалық талшықтың электромагниттік сәулеленуге деген сезімсіздігінің басты ерекшелігі жарықтық сигналдардың электромагниттік нысаналау әсерінен бұрмаланбауында болып табылады. Цифрлық тарату сигналды қатесіз қайта жіберуді жобалайды. Электромагниттік таратудың шашырауы найзағайдың пайда болуына алып келуі мүмкін, тіпті шығарылған сигналда ешқандай найзағай болмаған жағдайда да. Осылайша, оптикалық талшықтар сигналдарды бұрмаланусыз таратудың жаңа мүмкіндіктерін ашты [2]. Оптикалық талшықтар мыс өткізгіштерге қарағанда салмағы аз.

Талшықты-оптикалық кабельдер мыс кабельдер сияқты дәл сондай ақпараттық тығыздыққа ие, салмағы да аз, өйткені желі санын көп қажет етпейді. Талшықтар диэлектрик болғандықтан тоқты өткізбейді. Оның қолданылуы өрт қауіпсіздігі жағынан қауіпсіз болып келеді. Сонымен қатар, талшық өзіне найзағай тартпайды. Талшықты-оптикалық кабель қауіпсіздігі жағынан мүлдем кабель жүргізілмеген жерлерде қолданылуы мүмкін, мысалы, талшық отынды бак арқылы тікелей жүргізілуі мүмкін.

Байланыстың талшықты-оптикалық желілерін қолданудың артықшылықтары олардың кемшіліктерінен едәуір көп, сондықтан ақпаратты тарату үшін бұл байланыс желілері кеңінен пайдаланылуда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Вишневский, В.М. Широкополосные беспроводные сети передачи информации [Текст] / В.М. Вишневский, А.И. Ляхов, С.Л. Портной, И.В. Шахнович. – М.: Техносфера, 2005.
2. Тихвинский, В.О. Сети мобильной связи LTE [Текст] / В.О. Тихвинский, С.В. Терентьев, А.Б. Юрчук. – М.: Эко-Трендз, 2011.
3. Величко, В.В. Передача данных в сетях мобильной связи третьего поколения [Текст] / В.В. Величко. – М.: Радио и связь, Горячая линия – Телеком, 2011. – 332 с.
4. Карташевский, В.Г. Сети подвижной связи [Текст] / В.Г. Карташевский, С.Н. Семенов, Т.В. Фирстова. – М.: Экотрендз, 2011.

*Материал редакцияға 28.11.15 түсті.*

**Л.Н. Есмаханова, Н. Калдыбай**

*Таразский государственный университет имени М.Х. Дулати,  
г. Тараз, Республика Казахстан*

#### **ОБЗОР ТЕХНОЛОГИИ, ИСПОЛЬЗУЕМОЙ В ВОЛОКОННО-ОПТИЧЕСКИХ ЛИНИЯХ СВЯЗИ**

В настоящее время технология DWDM (Dense Wavelength Division Multiplexing) обеспечивает повышение экономического роста полосы пропускания, а на практике показывает свою надежность. Во многих случаях при использовании DWDM технологии способность пропускания оптических линий связи увеличивается в сотни раз. Технология волнового мультиплексирования по длине волны DWDM повышает способность пропускания волоконно-оптических магистралей.

**Ключевые слова:** временное уплотнение, оптическое мультиплексирование, демультимплексирование, цифровая передача, длина волны, кабельное затухание, спектральная технология.

**L.N. Esmakhanova, N. Kaldybai**

*Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan*

#### **OVERVIEW OF TECHNOLOGIES USED IN FIBER-OPTIC COMMUNICATION LINES**

Currently DWDM technology (Dense Wavelength Division Multiplexing) provides increased bandwidth economic growth, as shown in practice to be reliable. In many cases, the ability of using DWDM optical links transmission technology increases hundreds of times. The technology of wavelength division multiplexing DWDM wavelength increases transmission capacity of fiber optic backbones.

**Keywords:** time of compaction, optical multiplexing, de-multiplexing, digital distribution, the wavelength, cable attenuation, the spectral technology.

---

---

## ЭКОЛОГИЯ, ВОДНЫЕ РЕСУРСЫ

---

УДК 631.413.3

Ж.С. Мустафаев<sup>1</sup>, А.Т. Козыкеева<sup>2</sup>, К.Б. Абдешев<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Д-р техн. наук, профессор, <sup>2</sup>Д-р техн. наук, доцент, <sup>3</sup>Магистр  
<sup>1</sup>Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы, Республика Казахстан  
<sup>2, 3</sup>Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати,  
г. Тараз, Республика Казахстан

### МЕТОДОЛОГИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИ БЕЗОПАСНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ПРОМЫВКИ ЗАСОЛЕННЫХ ЗЕМЕЛЬ

На основе принципов безотходных и безопасных технологий природопользования, а также законов природы разработано методологическое обеспечение ресурсосберегающей и экологически безопасной технологии промывки засоленных земель, с учетом интенсивности промывки водопроницаемости почвы, позволяющее сохранить естественные почвообразовательные процессы.

**Ключевые слова:** почва, засоление, промывка, экология, безотходная, безопасная, технология, процесс, почвообразование, интенсивность, водопроницаемость.

Принципы обоснования условий промывок засоленных земель строятся на двух существенно различных позициях: эмпирической, основанной на обобщении большого фактического материала экспериментальных исследований, и теоретической, основанной на использовании закона физико-химических процессов, базирующихся на теории солепереноса и солеобмена в природной системе. В значительной степени такое положение обуславливается тем, что засоление и рассоление орошаемых земель представляют собой многофакторный процесс, теоретическое описание которого пока еще далеко от совершенства. Вместе с тем, понимание этих процессов, а именно в силу их многофакторности, может быть достигнуто только на основе теоретических представлений, базирующихся на принципах точных наук и в достаточно полной мере учитывающих природные условия. Поэтому основное внимание в изучении солепереноса при промывках уделяется обоснованию теоретических позиций анализа протекающих при этом процессов, стремясь к выявлению роли различных факторов [1-11].

В качестве примера для оценки экологической безопасности промывки засоленных земель на основе закона природы, с целью уменьшения опасности экологически нежелательных последствий и установление направленности и интенсивности природного процесса, выступает метод моделирования, важный в настоящее время и с теоретической, и с практической стороны. Следовательно, при разработке «модели» промывки засоленных земель необходимо проверить правильность и точность формулировки поставленной задачи и определить их надежность для решения поставленных проблем при промывке засоленных почв [12].



Теоретическое обоснование экологически безопасной технологии промывки засоленных почв базируется на модели эволюционного гидрогеохимического процесса природной системы, описывающая массоперенос в осадочных формациях в течение геологического времени и происходит по механизму молекулярной диффузии через водную фазу, то есть  $dS = -\alpha \cdot S \cdot dg$ , а именно определенной порцией инфильтрирующихся вод ( $dg$ ) из почвенного слоя выносятся часть растворенных солей ( $dS$ ) пропорциональная количеству их твердой фазы, заключенных в пределах этого слоя (где  $\alpha$  - коэффициент солеотдачи):  $S_i = S \cdot \exp(-\alpha \cdot g)$  [12].

В проведении промывки засоленных почв техническое воздействие имеет тенденцию превращаться в перманентные и все более усиливающиеся, вплоть до полной замены саморегуляции природных систем техногенным регулированием. Эти природные процессы происходят в условиях: несоответствия интенсивности подачи воды при промывке засоленных почв ( $V_t^n$ ):  $V_t^n = N/t$ , с интенсивностью впитывания воды в почву ( $V_t^e$ ):  $V_t^e = (V_0 - K_\phi) \cdot \exp(-K_e \cdot t) - K_\phi$ , то есть  $V_t^n \gg V_t^e$ , причем во временном масштабе постоянно будет увеличиваться (где  $N$  - расчетная промывная норма;  $t$  - продолжительность промывки;  $K_\phi$  - коэффициент фильтрации;  $V_0$  - скорость впитывания в конце первого часа;  $K_e$  - коэффициент пропорциональности, который зависит от свойств почвы) [1-11].

Поэтому, с экологических позиций промывку засоленных почв необходимо проводить на основе «мягкого» управления природными системами. В отличие от «жесткого» управления «мягкое» управление, основана на улучшении бывшей естественной продуктивности экологических систем или повышения плодородия почвы путем целенаправленной и основанной на использовании объективных законов природы [13].


Перед началом промывки засоленных почв устраиваются чеки с нулевыми отметками, нарезаются временные оросительные сети и выводные борозды с противоположной стороны чека и борозды с углублением в сторону центра чека, при этом подачу промывной (поливной) нормы с помощью борозды проводят одновременно встречными струями с одинаковыми расходами, до столкновения друг с другом в центре чека, с последующим выравниванием слоя воды в борозде по фронту подачи воды (рис. 1) [14].

Длина промываемого чека ( $L$ ) в зависимости от горизонтального уклона поверхности земли принимается в пределах 100-200 м, а ширина чека ( $B$ ) определяется с учетом расстояний между рядков сельскохозяйственных культур ( $b_0$ ), возделываемых после промывки:  $B = b_0 \cdot n_0$  (где  $n_0$  - количество планируемых поливных борозд по ширине чека), тогда площадь промываемого чека ( $F_a$ ) будет равно:  $F_a = B \cdot L$ .

Горизонтальный уклон дна борозды направлен в середину промываемого чека и глубина нарезаемой борозды в начале борозды должно быть 10 см, в середине 20 см и для падачи воды одновременно встречными струями друг с другом по бороздам с помощью выводных борозд, расположенных противоположно стороны внутри чека.

Расход воды в выводных бороздах определяется исходя из удельного расхода поливаемой борозды ( $q_0$ ) и количества борозды ( $n_0$ ),

расположенных внутри промываемого чека:  $Q_{oa} = q_b \cdot n_b$ , здесь  $q_b$  – удельный расход поливаемой борозды, л/с.



1 - распределительный канал; 2 - временный ороситель; 3 - водовыпуск в распределительном канале; 4 - водовыпуск во временном оросителе; 5 - направление потока воды во временных оросителях; 6 - направление полива по бороздам; 7 - поливные борозды; 8 - выводные борозды; 9 - промываемый (поливаемый) чек; 10 - поверхность земли в поливаемых чеках; 11 - направление уклона дна борозды

Рис. 1. Технологическая схема промывки почвенного слоя засоленных земель

Расход воды во временных оросителях ( $Q_b$ ) определяется на основе расходов воды выводной борозды ( $Q_{oa}$ ) с учетом количества одновременно работающих выводных борозд ( $n_{oa}$ ), то есть  $Q_b = Q_{oa} \cdot n_{oa}$ .

Продолжительность работы выводных борозд ( $t_{np}$ ), то есть подача воды промываемого чека определяется из следующих систем уравнений:

$$t_{np} = N_{iэ} \cdot F_n / 3.6 \cdot Q_b; \quad t_{np} = N_{iэ} \cdot F_n / 3.6 \cdot Q_{oa}; \quad t_{np} = N_{iэ} \cdot F_n / 3.6 \cdot q_b \cdot n_b,$$

где  $N_{iэ}$  – промывная норма подаваемой в  $i$ -том этапе промывки засоленных земель, м<sup>3</sup>/га.

Промывная норма засоленных почв можно определить по формуле Ж.С. Мустафаева, позволяющая установить размеры промывных норм, учитывающих динамику гидравлических процессов в почвогрунтах [15]:

$$N = (\alpha / \beta) \lg(S / S_i),$$

где  $\beta$  - скорость растворения твердого вещества в процессе химической реакции между твердыми и жидкими веществами:  $\beta = 2.02 \cdot \exp(-9.57 \cdot V_t)$ , здесь  $V_t$  - интенсивность впитывания воды в почву (рис. 2).




Рис. 1. Скорость впитывания воды в почву

Таким образом, в начальном этапе скорость впитывания будет достаточно большой, а после насыщения почвы с влаги, скорость впитывания приравнивается скорости фильтрации, что дает возможность их развивать на несколько подэтапов ( $n$ ) с учетом скорости впитывания воды почвой ( $V_t$ ). Для каждого подэтапа определяется средняя скорость впитывания воды в почву ( $V_{tcp} = (V_{ti} + V_{ti+1})/2$ ) и умножив их на продолжительности подэтапов ( $t_i$ ) определяем величину промывных норм ( $N_{ti}$ ), которые осуществляются в напорном режиме: ( $N_{ti} = V_{tcp} \cdot t_i$ ).

В целом нормы промывки засоленных земель ( $N_{тн}$ ), которые осуществляются в напорном режиме, определяют по формуле:  $N_{тн} = \sum_{i=1}^n N_{ti}$ .

Нормы промывки засоленных почв ( $N_{тбб}$ ), промывки которых производятся в безнапорном режиме, определяются по следующей формуле:  $N_{тбб} = N - N_{тн}$ .

Продолжительность промывки засоленных почв в безнапорном режиме ( $t_{до}$ ) определяется по формуле:  $t_{до} = (N - N_{тбб})/K_\phi$ , где  $K_\phi$  - коэффициент фильтрации.

При этом промывки засоленных почв проводятся, когда среднесуточная температура воздуха будет больше  $+5^\circ\text{C}$ , то есть в начале весны, тогда, во-первых, влажность почвы будет близка к предельно-допустимой влажности, во-вторых, соли в почвенном слое находятся в состоянии более растворенными, которые позволяют с помощью промывной нормы дополнительно падаваемой на поверхности почвы, легко вытеснить соли в нижние слои почвы.

При промывке почв засоленных земель и после их возделывания более солеустойчивых сельскохозяйственных культур необходимо сохранить одинаковой технологии полива по бороздам, то есть режим встречными струями с одинаковыми расходами.

Продвижение потока по бороздам описывается уравнением [16]:

$$l = a \cdot t^\beta,$$

где:  $l$  - путь, пройденный потоком за время  $t$ ;  $a$  - коэффициент пропорциональности;  $\beta$  - коэффициент, характеризующий затухание скорости продвижения потока по борозде.

Средняя скорость просачивания воды в почву изменяется во времени по уравнению А.Н. Костякова [17]:

$$V_t = V_0 / t^\alpha,$$

где:  $V_0$  - слой впитавшейся воды за первую единицу времени;  $\alpha$  - коэффициент, характеризующий затухание скорости впитывания.

Обозначая удельную интенсивность подачи воды борозду  $q$ , среднюю глубину воды в борозде  $h$ , общую продолжительность подачи  $T$ , длину борозды  $l$ , а текущее время и длину соответственно  $t$  и  $l_t$ , запишем дифференциальное уравнение баланса воды в борозде:

$$q \cdot dt = \frac{V_0}{(T-t)^\alpha} (T-t) \frac{\alpha \cdot \beta}{t^{1-\beta}} dt + h \frac{\alpha \cdot \beta}{t^{1-\beta}} dt,$$

решая которое, получим:

$$q \cdot T = (2 \cdot \beta - \beta^2) \left( \frac{V_0 \cdot T^{1-\alpha}}{2-\alpha} \right) + h) l_T,$$

откуда, находим  $l_t$ ,  $q$ ,  $T$  и  $m_T$ .

Значение  $m_T$  можно представить уравнением:

$$m_T = m \left( 1 - \frac{l}{2 \cdot l_q} \right),$$

где:  $m$  - средняя поливная норма;  $l_q$  - длина добегающего потока после отключения подачи воды.

Максимально возможные расходы при неразмывающей скорости струи в борозде определяются по формуле:

$$q_{\max} = W \cdot V_{\text{дон}},$$

где:  $q_{\max}$  - величина максимально возможного расхода в борозду, л/с;  $W$  - площадь живого сечения борозды, м<sup>2</sup>;  $V_{\text{дон}}$  - максимально допустимая скорость воды в борозде, зависящая от механического состава почвы, м/с.

Скорость движения воды в борозде можно определить по формуле:  $V = C \sqrt{R \cdot J}$ , где  $C$  - скоростной коэффициент по Н.Н. Павловскому:  $C = (1/n) R^y = (1/n) R^{1/3}$ , где  $n$  - коэффициент шероховатости;  $R$  - гидравлический радиус, м.

Смоченный периметр поливной борозды определяется по формуле В.Ф. Носенко:  $\alpha = q^{2/3} / i^{1/6}$ , где  $q$  - расход поливной струи, м<sup>3</sup>/ч;  $i$  - уклон борозды. Площадь живого сечения борозды определяется по формуле В.Ф.

Носенко:  $\omega = 0,00147(q^{2/3}/i^{1/3})$ , м<sup>2</sup>. Гидравлический радиус поливной борозды определяют по формуле:  $R = w/a$ , м.

Расчетную поливную норму нетто ( $m_{nm}$ ) в м<sup>3</sup>/га пересчитываем на слой воды  $h_{nm}$  с учетом расчетной ширины впитывания воды ( $\vartheta$ ), то есть  $h_{nm} = m_{nm}/1000$ , а если за расчетную ширину впитывания принимается смоченный периметр ( $\alpha$ ), тогда  $h_{nm} = m_{nm} \cdot \vartheta / 10000 \cdot \alpha$ , м.

По заданному коэффициенту равномерности увлажнения ( $K_p$ ) определяем максимальное увлажнение, которое наблюдается в начале борозды:

$$h_n = h_{nm} / K_p = h_k / K_p.$$

При прямолинейной эпюре увлажнения борозды с коэффициентом равномерности ( $K_p$ ) средняя по длине борозды поливная норма выражается уравнением:  $h_{cp} = (h_n + h_{nm}) / 2 = (h_{nm} / 2) [(1 / K_p) + 1]$ .

Потери воды ниже корнеобитаемого слоя на глубинный сброс, вызванный неравномерностью увлажнения по длине борозды, будут равны:  $h_{cb} = (h_n - h_{nm}) / 2 = (h_{nm} / 2) [(1 / K_p) - 1]$ .

После подачи поливной нормы при встречном поливе по бороздам происходит выравнивание слоя воды в борозде по всей длине и его значения можно определить с учетом впитывающей воды во время полива, то есть по следующей формуле:

$$h_{c\vartheta} = h_{nm} - \frac{V_0}{1-\alpha} \cdot t^{1-\alpha},$$

где:  $V_0$  - скорость впитывания в конце первого часа;  $\alpha$  - показатель, зависящий от свойства почвы и начальной влажности;  $t$  - продолжительность полива.

Продолжительность впитывания воды после ( $t_0$ ) полива определяется по формуле:

$$t_0 = 1 - \alpha \sqrt[1-\alpha]{\frac{h_{c\vartheta}(1-\alpha)}{V_0}}.$$

Таким образом, предложенная методика определения параметров технологии промывки с техникой полива по бороздам из двух противоположенных выводных борозд пропашных сельскохозяйственных культур, позволяют определить время полива и прогнозировать режим увлажнения почвы с высокой достоверностью и надежностью.

При этом разработанная технология промывки засоленных почв на основе «мягкого» управления гидрогеохимического процесса, где в основу положено понятие закономерности природных эволюционных почвенных процессов в той интерпретации, какая была изложена выше: почва как открытая система, обладает устойчивостью, саморегулированием и находится в поступательном динамическом равновесии. При этом принцип экологически безопасной технологии промывки засоленных почв основан на разумном дозировании и регулировании техногенных нагрузок на природную систему. Дозирование – регулирование нормы промывки во временном масштабе возможно при глубоком понимании законов природных процессов,

определяющих сущность геологического круговорота воды и химических веществ и экологических ограничений, которые ставятся природой перед нашей деятельностью.

При этом следует отметить, что экологосообразное освоение засоленных и восстановление техногенно-нарушенных почв природных систем с ориентацией на наукоемкие, ресурсосберегающие, безотходные технологии в перспективе определяют стратегию реконструкции окружающей среды как среду обитания человека на этапе глубокого экологического кризиса. Однако, сбалансированное природопользование не может быть достигнуто только путем реконструкции природной системы, а в первую очередь требуется реконструкция мышления и деятельности всего человечества.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Мустафаев, Ж.С. Экологические и методологические принципы мелиорации сельскохозяйственных земель [Текст] / Ж.С. Мустафаев. – Тараз, 2004. – 306 с.
2. Способ промывки засоленных почв [Текст]: а.с. №49476 РК / Ж.С. Мустафаев, С.И. Исабай, А.Т. Козыкеева, А.А. Сагаев, Г. Калманова. – 2 с.
3. Мустафаев, Ж.С. Экологическое обоснование технологии и технологических схемы промывки засоленных почв [Текст] / Ж.С. Мустафаев, К.Б. Абдешев // Материалы республиканской научно-практической конференции «Актуальные вопросы обеспечения экологической безопасности», посвященной памяти доктора технических наук, академика Международной инженерной академии и КазНАЕН Ахметова А.С. – Тараз, 2013. – С.144-149.
4. Мустафаев, Ж.С. Совершенствование технологии промывки засоленных почв на основе законов термодинамики [Текст] / Ж.С. Мустафаев, А.Т. Козыкеева, К.Б. Абдешев // Материалы международной научно-практической конференции «II Уркумбаевские чтения». – Тараз, 2013. – Т. II. – С. 68-71.
5. Мустафаев, Ж.С. Обоснование ресурсосберегающих и экологических безопасных технологий промывки засоленных земель на основе законов природы [Текст] / Ж.С. Мустафаев, Ю.Г. Безбородов, К.Б. Абдешев // Сборник материалов Международной научно-практической конференции посвященный 85-летию образования Казахского национального аграрного университета и 100-летию заслуженного деятеля науки Республики Казахстан Тажибаева Л.Е. «Водосбережение и управление водными ресурсами в орошаемом земледелии и обводнении пастбищ». – Алматы, 2015. – С. 254-258.
6. Мустафаев, Ж.С. Совершенствование технологических систем промывки засоленных почв [Текст] / Ж.С. Мустафаев, А.Т. Козыкеева, Н.И. Иванова, А.А. Асканбек, К.Б. Абдешев // Материалы международной научно-практической конференции «Техносферная безопасность: Наука и практика» – Бишкек, 2015. – С. 122-126.
7. Мустафаев, Ж.С. Технологии и технологические схемы промывки засоленных почв [Текст] / Ж.С. Мустафаев, К.Б. Абдешев // Водное хозяйство Казахстана. – 2014. – №1(57). – С.41-46.

8. Абдешев, К.Б. Геоэкологические проблемы реконструкции засоленных земель при сельскохозяйственном освоении [Текст] / К.Б. Абдешев, Ж.С. Мустафаев, Т.К. Карлыханов // Материалы международной научной конференции, посвященной 90-летию созданию ВНИИГиМ. – М., 2014. – С. 9-13.
9. Мустафаев, Ж.С. Совершенствование технологических схем промывки засоленных почв [Текст] / Ж.С. Мустафаев, К.Б. Абдешев // Материалы Международной научно-практической конференции «Проблемы развития мелиорации и водного хозяйства в России» / Мелиорация, рекультивации охрана земель. – М.: РАУ-МСХА, 2015. – С. 251-256.
10. Мустафаев, Ж.С. Технология промывки засоленных почв с учетом экологического ограничения [Текст] / Ж.С. Мустафаев, А.Т. Козыкеева, Т.К. Карлыханов, Ю.Г. Безбородов, К.Б. Абдешев // Материалы Международной научно-практической конференции «Проблемы управления водными и земельными ресурсами». – М.: РАУ-МСХА, 2015. – С. 31-40.
11. Мустафаев, Ж.С. Экологическое обоснование технологии промывки засоленных почв на основе моделирования природных процессов [Текст] / Ж.С. Мустафаев, Л.В. Кирейчева, А.Т. Козыкеева, К.Б. Абдешев // Международный научно-исследовательский журнал. – 2015. – №10(41). – С.56-60.
12. Мустафаев, Ж.С. Моделирование засоления и рассоления почвы. [Текст] / Ж.С. Мустафаев, А.Т. Козыкеева, К.Ж. Мустафаев, К.Б. Абдешев. – Тараз, 2013. – 204 с.
13. Серебренников, Ф.В. Рациональное природопользование и экологические требования к оросительным системам [Текст] / Ф.В. Серебренников // Мелиорация и водное хозяйство. – 1993. – №4. – С.2-5.
14. Инновационный патент РК №29219. Способ промывки засоленных почв [Текст] / Мустафаев Ж.С., Козыкеева А.Т., Абдешев К.Б.; опублик. 15.12.2014, Бюль 12. – 3 с.
15. Мустафаев, Ж.С. Физико-математическое моделирование процесса выщелачивания солей из почвы [Текст] / Ж.С. Мустафаев // Плодородие почв Казахстана. – 1986, вып. 2. – С. 64-72.
16. Кривовяз, С.М. Теория и расчет полива по бороздам [Текст] / С.М. Кривовяз // Известия АН УзССР. – 1960. – №6. – С.41-56.
17. Костяков, А.Н. Основы мелиорации [Текст] / А.Н. Костяков. – М.: Сельхозгиз, 1960. – 622 с.

*Материал поступил в редакцию 25.12.15.*

**Ж.С. Мұстафаев, Ә.Т. Қозыкеева, Қ.Б. Абдешев**

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

<sup>2, 3</sup>М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,  
Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы

## **ТҮЗДАНҒАН ЖЕРЛЕРДІ ШАЮДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘДІСТЕМЕЛІК ТҮРҒЫДА ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Табиғатты пайдаланудың қалдықсыз және қауіпсіз технологияның қағидалық негізінде және табиғаттың заңдарына сүйене отырып, топырақты

шаюдың қарқыны суды сіңіру қабілетіне сай келетін, қорды үнемдеу және тұзданған жерлерді шаюдың экологиялық қауіпсіз технологиясын әдістемелік қамтамасыз ету жүйесі құрылған, ол табиғи топырақтың пайда болу үрдісін сақтауға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** топырақ, тұзданған, шаю, экология, қалдықсыз, қауіпсіз, технология, үрдіс, топырақтың дамуы, қарқыны, суды сіңіру қабілеті.

**Zh.S. Mustafaev, A.T. Kozykееva, K.B. Abdishev**

<sup>1</sup>*Kazakh National Agrarian University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2,3</sup>*Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan*

### METHODOLOGICAL SUPPORT OF ENVIRONMENTAL SECURITY TECHNOLOGY FOR SALINE LANDS LEACHING

Based on the principles of non-waste technology and secure natural resources, as well as the laws of nature developed methodological support resource-saving and environmentall-friendly technology without flushing saline soils, taking into account intensity of flushing according to soil permeability, allowing to preserve the natural soil-forming processes.

**Keywords:** soil salinity, flushing, ecology, waste-free, secure, technology, process, soil formation, intensity, water permeability.

УДК 664 782 (043. 3)

**Н.З. Артиков<sup>1</sup>, П.Қ. Сейтпанов<sup>2</sup>, М.М. Бекмуратов<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Магистрант, <sup>2</sup>Техн. ғылымдарының канд., доцент,*

<sup>3</sup>*Техн. ғылымдарының канд., профессор*

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,  
Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы*

### ОРГАНИКАЛЫҚ ҚАЛДЫҚТЫ БӨГДЕ ҚОСПАЛАРДАН ТАЗАЛАУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Мал шаруашылығының органикалық қалдықтарын алдын-ала өндеуге арналған жабдықтар кешеніндегі органикалық қалдықты әртүрлі бөгде қоспалардан (тас, кесек, өлген құстар, шпагат жіптер және т.б.) тазалау құрылымын, яғни тербеліп тұратын науалы (желобчатый) конвейерді жобалау мақсатында жүргізілген теориялық зерттеулер нәтижелері келтірілген.

**Түйін сөздер:** органикалық қалдық, науа, ілгерілемелі тербеліс, тербеліс амплитудасы, тербеліс жиілігі, қозғалтқыш механизм, жұдырықша, жылдамдық, үдеу.

Қазақстанда жұмыс жасап тұрған биогаз қондырғылары аз. Жамбыл облысының Луговой жылқы зауытында өнеркәсіптік биогаз қондырғысы жұмыс жасайды, ал осы облыстың Жуалы ауданында орналасқан «Гамбург» ЖШС шаруашылығына реакторының жұмыс көлемі 250 м<sup>3</sup> болатын германиялық фермерлік биогаз қондырғысы орнатылған.



Жеке жайлық және фермерлік биогаз қондырғылары Қазақстанда жаппай қолдану таппады. Сондықтан, қазіргі кезде шаруашылықтарда жиналатын органикалық қалдықтар өңделмейді, оларды далаға шашып тастайды. Осы себепті республика жыл сайын үлкен көлемде энергетикалық отынды (биогаз) және жоғары сапалы органикалық тыңайтқышты жоғалтуда. Оның негізгі себептері:

- отандық биогаз қондырғысы және тұрақты жұмыс жасап тұрған фермерлік биогаз қондырғылары жоқ;

- органикалық қалдықтарды міндетті түрде өңдеуден өткізу талап етілмейді, сондықтан оларды далаға шығарып тастау жеңіл;

Қазіргі фермерлік биогаз қондырғыларының (германиялық, ресейлік және т.б.) жалпы кемшіліктері:

- реактордың көлемі үлкен және осыған байланысты құны жоғары;

- реактордың көлемі көбінесе шаруашылықтың мүмкіндігіне сәйкес келмейді;

- реактордағы органикалық массаны араластыруға және температуралық режимін ұстауға көп энергия шығындалады;

- реакторды тазалау қиын және биогаз қондырғысының жұмысын тоқтатуды қажет етеді;

- реактордың өлшемдерінің үлкен болуы және құрылысының тұтастығы тасымалдау мен орын ауыстыруды қиындатады.

Осыған байланысты 2008 жылдан бастап М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Механика және машина жасау» кафедрасында т.ғ.к., доцент Б.А. Қойайдаровтың жетекшілігімен фермерлік биогаз қондырғысын құруға ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде 8 инновациялық патенттер алынды, 15 ғылыми мақалалар жарияланды, 4 лабораториялық биогаз қондырғылары жасалып, тәжірибелік зерттеулер жүргізілді. Қазіргі кезде фермерлік биогаз қондырғысын өндіріске енгізу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде:

Қазақ халқының тарихи қалыптасқан негізгі тіршілігі – мал шаруашылығы екені белгілі. Ал, қазіргі нарықтық экономика кезеңінде елімізде шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтар көптеп бой көтеруде. Осы мал шаруашылығының халық игілігіне жұмсалатын ет, сүт, тері өнімдерімен қатар, қоршаған орта экологиясына кері әсерін тигізетін тұсы да бар, ол – органикалық қалдықтар, яғни сиыр мен қойдың, ешкі мен жылқының, тауық пен үйректің қилары. Олар мал шаруашылықтарында көп көлемде жиналады. Осы органикалық қалдықтар қоршаған ортаны ластайды және бірқатар экологиялық зиян келтіреді, атап айтқанда:

- шаруа қожалықтарының аумағында және ауылдық жерлерде жағымсыз көрініс тудырады;

- жағымсыз иіс шығарады;

- жерасты суын ластайды, ауылдық жерлерде пайдаланатын құдықтың суын ластайды, соның нәтижесінде оны тағамдық мақсатқа қолданған адамның денсаулығына зиян келеді;


- ауаға метан газын бөлу арқылы жылыжайлық процесстерді күшейтеді.

Мал шаруашылығының органикалық қалдықтарын биогаз техникасы мен технологиясын жетілдіру арқылы пайдаға асыруға болады.

Осы мақсатта жобаланып жатқан фермерлік биогаз қондырғысына [1] әртүрлі бөгде қоспалардан (тас, кесек, өлген құстар, шпагат жіптер және т.б.) тазаланған органикалық қалдықтар берілуі қажет. Сондықтан, мал шаруашылығының органикалық қалдықтарын алдын-ала өңдеуге арналған

жабдықтар кешеніндегі органикалық қалдықты бөгде қоспалардан тазалау құрылымын, яғни тербеліп тұратын науалы (желобчатый) конвейерді жобалау жұмыстары жүргізілуде.

Ұсынылып отырған құрылым (1-сурет) станинадан 1, көлбеу орналасқан науадан 2, тіректі катоктардан 3, инелі біліктен 4 тұрады. Инелі білік айналмалы қозғалысты ременді беріліс 5 арқылы, ал науа тербелмелі қозғалысты ременді берілістің 6 жетектегі шкивінің білігіне отырғызылған жұдырықша 7 арқылы құрылым станинасына бекітілген электрқозғалтқыштан 8 алады.




Сурет 1. Тербеліп тұратын конвейер сұлбасы

Науаның ұзындығы  $L = 2000$  мм, ені  $b = 800$  мм және органикалық қалдықтың жылжу бағытында горизонтқа  $\varphi = 10^\circ$  көлбеу орналасқан. Осы науаның көлбеу орналасуы мен тербелісі оның үстіне инелі білік көмегімен берілген органикалық қалдықтың науа бетімен біркелкі жайылып, келесі құрылымға қарай жылжып отыруын қамтамасыз етеді. Осы науа бетіндегі органикалық қалдықтың құрамындағы кездейсоқ пайда болған бөгде қоспаларды (тас, кесек, өлген құстар, шпагат жіптер және т.б.) жұмысшы қолмен алып тастап тұрады. Осылайша, фермерлік биогаз қондырғысына сыртқы қоспалардан тазаланған органикалық қалдық беріледі.

Конвейердің өнімділігі  $\Pi = 5$  т/сағ, органикалық қалдықтың тығыздығы  $\gamma = 0,7$  т/м<sup>3</sup>, органикалық қалдық пен науа арасындағы қозғалыс кезіндегі үйкеліс коэффициенті  $\mu = 0,2$ . Осы бастапқы параметрлерді негізге ала отырып, науаның тербеліс жиілігі мен тербеліс амплитудасының оның бетімен органикалық қалдықтың жылжу жылдамдығына әсерін теориялық зерттеу нәтижесін қарастыралық.

Алдын-ала науаның тербеліс амплитудасын  $a = 50$  мм, тербеліс жиілігін  $n = 100$  мин<sup>-1</sup> (ұсынылу шегі  $a = 30 \div 80$  мм,  $n = 50 \div 100$  мин<sup>-1</sup>) етіп қабылдаймыз. Механизмдер мен машиналар теориясының әдістерін қолданып, жұдырықшаның бір айналымындағы науаның жылдамдығы  $v_n$  мен үдеуінің  $a_n$  өзгеру диаграммаларын тұрғызамыз (2-сурет). Осы суретте жүктің науа бетімен жылжу жылдамдығының өзгеру диаграммасы тұрғызылған.



Сурет 2. Науа мен жүк жылдамдықтарының, науа үдеуінің өзгеру диаграммалары

Науаның жүктің түсу нүктесіне қарай жүрісінде  $t_1$  уақытта үйкеліс күші инерция күшіне тең немесе одан үлкен болған жағдайда, жүк науамен бірге жылжиды, яғни  $gf_1 \geq a_n$  шарты орындалғанда. Ал  $t_2$  уақыт аралығында жүк науаға қатысты төмен қарай бастапқы жылдамдықпен  $v_A$  (науаның А нүктесіндегі жылдамдығына тең) сырғиды, себебі, бұл жағдайда жүктің инерция күші абсолют мәні бойынша үйкеліс күшінен артық болады, яғни  $gf_1 < a_n$ . В нүктесінде жүк жылдамдығы нөлге теңеседі де, сосын бағытын өзгертеді;  $t_3$  уақыт аралығында жүк кері бағытта науа бетімен сырғанап жылжиды. С нүктесінде жүк пен науаның жылдамдықтары теңеседі. Ал  $t_4$  уақыт аралығында жүк кері бағытта науамен бірге жылжиды.

Диаграммадағы штрихталған АСДА ауданы – жұдырықшаның бір айналымындағы жүктің жүріп өткен жолы,  $s = 0,098$  м. Жүктің ілгерілемелі тербеліс жасап тұрған және көлбеу орналасқан науаның бетімен жылжуының орташа жылдамдығы

$$v_{cp} = \frac{s \cdot n}{60} = \frac{0,098 \cdot 100}{60} = 0,163 \text{ м/с}$$

Сонымен, осы жылдамдықпен жылжитын органикалық қалдық ұзындығы 2 м болатын науа бетімен  $2/0,163 = 12,3$  секундта жүріп өтеді де фермерлік биогаз қондырғысының реакторына түседі.

Ендігі жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының мақсаты науаның көлбеу бұрышының, тербеліс амплитудасы мен жиілігінің органикалық қалдықтың науа бетімен жылжу жылдамдығына әсерін теориялық және эксперименттік зерттеулер нәтижесінде олардың тиімді мәндерін табу болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нестеров, Е.Б. Биогазовые установки для крестьянских и фермерских хозяйств [Текст] / Е.Б. Нестеров, В.А. Матвеев, А.Б. Токмолдаев // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 2006. – №2. – С.53-55.

2. Инновационный патент KZ №27286. Фермерская биогазовая установка [Текст] / Койайдаров Б.А.
3. Инновационный патент KZ №27284. Фермерская биогазовая установка [Текст] / Койайдаров Б.А.

*Материал редакцияга 21.01.16 түсті.*

**Н.З. Артиков, П.К. Сейтпанов, М.М. Бекмуратов**

*Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати,  
г. Тараз, Республика Казахстан*

### **УСТРОЙСТВО ДЛЯ ОЧИСТКИ ОРГАНИЧЕСКИХ ОТХОДОВ ОТ ПОСТОРОННИХ ПРИМЕСЕЙ**

Приведены результаты теоретических исследований по проектированию устройства для очистки органических отходов от посторонних примесей (галька, камни, трупы птиц, отрезки шпагатных веревок и др.), т.е. желобчатого конвейера в комплексе оборудования для предварительной переработки органических отходов.

**Ключевые слова:** органические отходы, желоб, поступательные колебания, амплитуда колебаний, частота колебаний, приводной механизм, кулачок, скорость, ускорение.

**N.Z. Artikov, P.K. Seitpanov, M.M. Bekmuratov**

*Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan*

### **DEVICE FOR CLEANING ORGANIC WASTE FROM EXTRANEEOUS IMPURITIES**

The results of theoretical research on design for cleaning organic waste unit from impurities (pebbles, rocks, birds, carcasses, pieces of twine ropes, etc.), i.e. grooved conveyor equipment in the complex pre-processing of organic waste are presented.

**Keywords:** organic waste, chute, translational oscillations, the amplitude of oscillation, frequency of oscillation, drive mechanism, cam, speed, acceleration.

ӘОЖ 532.5

Ә. Әбдіраманов<sup>1</sup>, Қ.Р. Жабағиева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Техн. ғылымдарының д-ры, профессор, <sup>2</sup>PhD докторанты  
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,  
Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы  
Эл. пошта: <sup>1</sup>prof.abduramanov@mail.ru, <sup>2</sup>ryskadyrovna@mail.ru


### ҚҰБЫР БҰРЫЛЫСТАРЫ МЕН ИІНДЕРІНДЕГІ АРЫН ШЫҒЫНДАРЫ

Гидроциклонның кіреберіс келте құбыры гидроқосындыны жеткізетін құбырмен, ал гидроциклонның су аққыш және құмдық келте құбырлары – әкететін құбырлармен байланысқан. Мұндайда көбінесе құбырдың бұрылыстары және бұрылған иіндері қолданылады. Әдетте бұрылыстағы арын шығындарын қозғалыс бағытының өзгеруімен және ағын өтімі қимасының жіңішкеруімен байланыстырады. Жіңішкеру, иіндердің оймалы және шығынқы жақтарында құйынды аймақтың қалыптасуымен байланысты. Ағын жай бұралған кезде иіндерде құйынды аймақ қалыптаспайды, бірақ арын шығыны құйын қалыптасқандағы шығыннан аз болуы мүмкін (бір бағытты сұрақты қарастырғандағы тіке ағысты кірісте).


**Түйін сөздер:** гидроциклон, гидроқосынды, құбыр бұрылысы, иіндер, бұрылған құбыр, бүгілген құбыр, құбыр бұрылыстары.

Гидроциклон, көп фазалы сұйықты компоненттерге бөлуге немесе құрамындағы тасындыны қойылуға арналған аппарат, ортасында конфузор арқылы байланысқан екі цилиндрлік құбырлардың (цилиндрлік бөлік пен құмдық келте құбыр) қосылысы. Ол қабылдау камерасынан, кіреберіс құбыршадан, су аққыш құбыршадан және құмдық құбыршадан тұрады.

Әдетте гидроциклонның кіреберіс келте құбыры гидроқосындыны жеткізетін құбырмен, ал гидроциклонның су аққыш және құмдық келте құбырлары әкететін құбырлармен байланысқан. Мұндайда көбінесе құбырдың бұрылыстары (бүгілген иіндер, 1-сурет) және бұрылған иіндер (2-сурет) қолданылады.



Сурет 1. Бүгілген иін



Сурет 2. Бұрылған иін

Бүгілген иіндердегі арын шығындарын есептейтін формула

$$\Delta h_{иін} = \zeta_{иін} \frac{g^2}{2g},$$

мұнда  $\zeta_{иін}$  - бүгілген иіндердегі кедергі коэффициенттері [1].

Кесте 1

Бүгілген иіндердегі кедергі коэффициент мәндері

Бұрыш $\alpha^0$	30	40	50	60	70	80	90
$\zeta_{uin}$	0.20	0.30	0.40	0.55	0.70	0.90	1.10

$\zeta_{uin}$  мәндері  $d < 50$  мм [2] құбырларымен жауаптарының негізінде алынған. Диаметр үлкейген кезде  $\zeta_{uin}$  шамасы кемиді.

Көлденең қимасы домалақ құбыр  $\alpha$  бұрышқа (2-суретті кара) бірден бұрылғандағы кедергі коэффициентін А.Д.Альтшүльдің [3] ұсынысы бойынша төмендегі тәуелділікпен анықтайды:

$$\zeta_{\alpha} = \zeta_{90^0} (1 - \cos \alpha),$$

мұнда  $\zeta_{90^0}$  - 2-кестеде берілген,  $90^0$  бұрышқа бірден бұрылғандағы кедергі коэффициентінің мәндері.

Кесте 2

 $\zeta_{90^0}$  құбырдың әртүрлі диаметрлеріндегі коэффициент мәндері

Д, Мм	20	25	34	39	49
$\zeta_{90^0}$	1.4	1.3	1.1	1.0	0.83

Бұрылған иіндердегі арын шығындары төмендегідей анықталады:

$$\Delta h_{\text{бур.}} = \zeta_{\text{бур.}} \frac{g^2}{2g},$$

мұнда  $\zeta_{\text{бур.}}$  -  $\alpha = 90^0$  болғанда, бұрылған иіндердегі кедергі коэффициентері (3-кесте).

Кесте 3

Бұрылған иіндердегі кедергі коэффициент мәндері

$\frac{r}{R}$	0.1	0.2	0.3	0.4	0.5	0.6	0.7	0.8	0.9	1.0
$\zeta_{\text{бур.}}$	0.131	0.138	0.158	0.206	0.294	0.440	0.661	0.977	1.408	1.978

$\alpha \neq 90^0$  бұрыштар болғанда  $\zeta_{\text{бур.}}$  мәндерін  $\frac{\alpha}{90}$  қатынасына көбейту қажет, басқаша айтқанда

$$\zeta_{\alpha} = \zeta_{90^0} \times a,$$

мұнда  $\zeta_{90^0}$  -  $90^0$ -қа ақырындап бұрылғандағы кедергі коэффициенті;  $a$  - бұрылыс бұрышына тәуелді коэффициент.

$\zeta_{90^\circ}$  коэффициенті  $R_n/d$  (бұрылу радиусының құбыр диаметріне қатынасы) мен құбыр желісінің ұзындығы бойынша  $\lambda$  гидравликалық кедергі коэффициентіне тәуелді және Альтшульдің формуласынан анықталуы мүмкін [3]:

$$\zeta_{90^\circ} = \left[ 0.20 + 0.001(100\lambda)^8 \right] \sqrt{\frac{d}{R_n}}$$

немесе 4-кестеден анықтауға болады:

Кесте 4

$90^\circ$  ақырын бұрылғандағы  $\zeta_{90^\circ}$  коэффициентінің мәндері

Құбырлар Түрі	$R_n/d$				
	1	2	3	4	5
Тегіс	0.22	0.14	0.11	0.08	0.11
Бұдырлы	0.52	0.28	0.23	0.18	0.20
Кригердің көрсеткіштері бойынша	0.80	0.48	0.30	0.32	0.42

Осы мақсатта мынадай формуланы да қолдануға болады [4]:

$$\zeta_{90^\circ} = 0.02(100\lambda)^{2.5} + 0.106 \left( \frac{d}{R_n} \right)^{2.5}$$

$a$  коэффициентінің шамасы  $\alpha < 90^\circ$  кезінде А.Я.Миловичтің формуласы бойынша анықталуы мүмкін [5]:

$$a = \sin \alpha ;$$


$\alpha > 90^\circ$  кезінде Б.Б.Некрасовтың формуласы бойынша [6]

$$a = 0.7 + 0.35 \frac{\alpha}{90^\circ} .$$

Жоғарыда келтірілген формулаларда, сұйықтың иін шегіндегі қозғалысында, тек ағынның қисаюының әсері ғана ескерілетінін атап өту керек. Иін ұзындығы бойынша үлесті энергияның (арынның) шығындалуы, бұрылудың өстік сызығының ұзындығын есепке алғандағы, тіксызықты құбырлар түрлеріне жеке анықталады.

**Иіндердегі арын шығыны.** Әдетте бұрылыстағы арын шығындарын қозғалыс бағытының өзгеруімен және ағын өтімі қимасының жіңішкеруімен байланыстырады. Жіңішкеру, иіндердің оймалы және шығыңқы жақтарында құйынды аймақтың (3-сурет) қалыптасуымен байланысты.

Ағын жай бұралған кезде иіндерде құйынды аймақ қалыптаспайды, бірақ арын шығыны құйын қалыптасқандағы шығыннан аз болуы мүмкін (бір бағытты сұрақты қарастырғандағы тікеағысты кірісте).



Сурет 3. Иіндер

Баяу және қарқынды бұралған ағындарда иіндердің өсі бойынша өтім кимасын жіңішкертетін және арынның көп шығындалуына әкелетін тегіс өс айналасындағы кеңістік қалыптасады. Соңғы жағдай гидроциклонның су аққыш келте құбырында орын алады. Гидроциклонды сорғы қондырғыларындағы тегіс өс айналасындағы кеңістік – қажетсіз құбылыс, өйткені ол кавитациялық процестердің күшеюіне септігін тигізеді. ГЦСҚ құрастыру тәжірибесінде тегіс өс айналасындағы кеңістіктің (газ-ауалы бағанның) туындауының алдын алатын әдістері мен тәсілдері белгілі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Справочник по гидравлическим расчетам [Текст] / Под ред. П.Г. Киселева. – М.: Энергия, 1972. – 312 с.
2. Идельчик, И.Е. Справочник по гидравлическим сопротивлениям [Текст] / И.Е. Идельчик. – М.: Машиностроение, 1975. – 559 с.
3. Альтшуль, А.Д. Гидравлические сопротивления трубопроводов [Текст] / А.Д. Альтшуль, В.И. Калицун. – М.: Стройиздат, 1964. – 300 с.
4. Большаков, В.А. Справочник по гидравлике [Текст] / В.А. Большаков, И.А. Шеренков [и др.]. – Киев: Вища школа, 1984. – 343 с.
5. Милович, А.Я. Основы динамики жидкости (гидродинамика) [Текст] / А.Я. Милович. – М. – Л.: Госэнергоиздат, 1933. – 157 с.
6. Некрасов, Б.Б. Гидравлика [Текст] / Б.Б. Некрасов. – М.: Машиностроение, 1967. – 368 с.

Материал редакцияға 12.12.15 түсті.

**А. Абдураманов, К.Р. Жабагиева**

*Таразский государственный университетим. М.Х. Дулати,  
г. Тараз, Республика Казахстан*

#### ПОТЕРИ НАПОРА НА ПОВОРОТАХ ТРУБЫ И В КОЛЕНАХ

Обычно входной патрубком гидроциклона соединяется с подводящим гидросмесь трубой, а сливной и песковой патрубки гидроциклона – с



отводящими трубами. При этом используется поворот трубы и колено с закруглением. Обычно потери напора на повороте связывают с изменением направления движения и сужения живого сечения потока. Сужение вызвано образованием вихревых зон на выгнутой и выпуклой сторонах колена. При слабой закрутке потока в коленах вихревые зоны не образуются, но потери напора могут стать меньше, чем потери при вихреобразовании (прямоточном входе при одномерном рассмотрении вопроса).

**Ключевые слова:** гидроциклон, гидросмесь, поворот трубы, колено без закругления, колено с закруглением, потеря напора.

**A. Abduramanov, K.R. Jabagieva**

*Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan*

### **PRESSURE DROP ON THE PIPE BENDS AND BENDS**

Typically, the inlet of the hydrocyclone is connected to a supply slurry pipe and drain pipes hydrocyclone sand - with outlet pipe. In this part of the rotation of the pipe and used his bend to rounding. Typically, the pressure loss at the turn is associated with a change in direction and narrowing of the living section of the stream. The narrowing is caused by the formation of eddy zones removed and convex sides of bend. With a weak swirling flow of the tribes of the eddy zones are not formed, but the pressure loss may be less than the losses in the formation of vortex (co-current input when considering a one-dimensional).

**Keywords:** hydrocyclone, the slurry, pipe bending, bend without rounding, bend with rounding, pressure drop.

ӘОЖ 626.81 (574)

**Е.А. Мамытова**

*Магистрант*

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,  
Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы*

### **ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ СУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ САПАСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ**

Жамбыл облысының табиғи су көздері, олардың су қоры, шаруашылық мақсатта су пайдалану жағдайы және су қорларын тиімді пайдалану мәселелері қарастырылған.


**Түйін сөздер:** су ресурстары, су қоры, су қойма, трансшекаралық өзендер, беттік сулар, өзен алабы.

Жамбыл облысы Қазақстанның оңтүстік бөлігінде 144,26 мың. км<sup>3</sup> алқапты құрайды. Облыс орталығы – Тараз қаласы. Облыс тұрғындарының саны 1031,114 мың адам, соның ішінде 432,438 мың қала тұрғындары және 598,706 ауыл тұрғындары, орналасу тығыздығы 7,15 ад./км<sup>2</sup>. Жалпы суға деген қажеттілік 142,13 мың.м<sup>3</sup>/тәу немесе бір адамға шаққанда 0,14 м<sup>3</sup>.

Облыста 10 аудан бар: Байзақ, Жамбыл, Жуалы, Қордай, Тұрар Рысқұлов, Меркі, Мойынқұм, Сарысу, Талас, Шу, 4 қала –Тараз, Жаңатас, Қаратау, Шу, 400 жуық шағын ауылдық округтер бар.

Жамбыл облысының аумағындағы бар су қорларын пайдалану көлемі, облыстың көптеген аудандарын сумен қамтамасыз ету қажеттілігін қанағаттандырмайды. Осы жағдайға байланысты өзендердің су қорларын анықтау басты міндеттердің бірі болып табылады. Су ресурстарын тиімді пайдалануды жоғарылату мәселелерін шешу үшін Жамбыл облысының су ресурстары деректерін [1-7] жан-жақты және терең талдау арқылы, облыстың әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайын ескеріп, қауіпсіз шешімдер іздеу керек.

Жамбыл облысының территориясы трансшекаралық өзендердің орналасқан аймағын алып жатыр (1-сурет). Шу-Талас гидрографиялық алабы Қазақстан Республикасын су ресурстарымен қамтамасыз ететін, негізгі сегіз өзендердің бірі болып табылады, су өтімінің мөлшері аз болғанымен, су ресурстарын пайдалану, сақтау, тазарту және экологиялық су жіберу сұрақтарына маңызды көзқараспен қарауды талап етеді.



Сурет 1. Жамбыл облысындағы табиғи су көздерінің сұлбалық көрінісі

Жамбыл облысы аумағына қарайтын Қазақстан Республикасының оңтүстік бөлігіндегі қоршаған ортаның табиғатын және ауыл шаруашылығының тұрақтылығын қамтамасыз ететін аталған су көздері болып келеді (2-сурет). Жамбыл облысы бойынша су ресурстарының сапасы мен пайдалану жағдайы келесідей сипатталады.




Сурет 2. Талас, Аса, Шу өзендері аңғарларының жалпы көрінісі

Талас өзені алабының жер беті суларының мониторингісіне сүйенетін болсақ, Талас өзені алабында 12 су қойма бар, оның 11-нің сымдылығы 1 млн. м<sup>3</sup> төмен, 9 – тікелей бас өзенде, 3 – алапта орналасқан. Су қойманың жалпы пайдалы сымдылығы 14,5 млн. м<sup>3</sup>. Барлық су қоймалары мен

суаттарда ағынды маусымдық реттеу іске асырылады және суару мақсатына арналған, ал кейбіреуін балық шаруашылығы мақсатында пайдалануға болады.

Шу-Талас БИ және «Таразводхоз» РМК мәліметтері бойынша алапта біршама гидротехникалық нысандар магистралды және шаруашылықаралық каналдар, су тораптары, құрылымдар және т.б бар.

Шу-Талас алабында, гидрографиялық тұрғыда 3 үлкен өзен (Шу, Талас және Аса), 242 кіші өзен (соңын ішінде Шу өзенінің алабы бойынша – 158, Талас өзенінің алабы бойынша – 20, Аса өзенінің алабы бойынша – 64), 35 көл, Шу өзенінде орналасқан Тасөткел су қоймасы, жобалық көлемі – 620 млн.м<sup>3</sup>, Аса өзенінің негізгі тармақтарының бірі болып саналатын Теріс өзенінде орналасқан Теріс-Ащыбұлақ су қоймасы, көлемі – 158 млн.м<sup>3</sup> және Аса өзенінің алабы болып саналатын Шабакты өзенінде орналасқан Ынталы су қоймасы, көлемі – 30 млн.м<sup>3</sup>, көлемі 1-ден 10 млн.м<sup>3</sup> дейін жететін 39 кіші су қойма (жалпы көлемі – 130,6 млн.м<sup>3</sup>) мен 164 тоған (барлық көлемі 72,2 млн.м<sup>3</sup>) бар (3-сурет). Жоғарыда аталған суаттардың барлығы дерлік (су қоймалары, көлдер, тоғандар) өздерінің су ресурстарын басқа жақтан алады, яғни үлкен және кіші өзендердің ағыны келуімен, таулардағы су көздерінен еритін сулармен толысады.



Сурет 3. Аса-Талас және Шу өзендері бассейндеріндегі су көлемінің қабылдануының динамикасы

Жамбыл облысының жылдық жалпы су ағыны 4106 млн.м<sup>3</sup> құрайды. Бұл ағыста Қырғызстан территориясынан ағып келетін су көлемі – 3139 млн.м<sup>3</sup>. Облыс территориясында ағынның 967 млн.м<sup>3</sup> суы қалыптасады.

Сол себептен, Қырғызстаен территориясынан беттік ағын көлемінің 25% алатын Жамбыл облысы, шектелген су пайдалану жағдайында болып тұр.

Мемлекеттік деректерге сүйене отыра (Гипроводхоз) Шу-Талас алабы 2009 жыл аралығында экономика салалары бойынша су пайдалану жағдайына келесі тұжырым жасауға болады. Алап бойынша 2009 жылы есеп берген су пайдаланушылар саны 345 құрады. Есепке алынған су пайдаланушылардың көрсеткіштері бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру (82%), өнеркәсіп (11%), коммуналды-тұрмыстық (7%). Мемлекеттік болжамды даму бойынша (экономика, қаржы) бұл салада болашақта су пайдаланушылардың саны және су пайдалану көлемі өсуі мүмкін.

Алап бойынша 2009 жылы су ресурстарын пайдалану үшін алынған жалпы су мөлшері 2392,398 млн.м<sup>3</sup>, соның ішінде беттік сулар 2330,603 млн.м<sup>3</sup>, жер асты сулары 61,795 млн.м<sup>3</sup>, (4,044 млн.м<sup>3</sup> шахтылы сулар) құрады, бұл көрсеткіш 2008 жылмен салыстырғанда жалпы су алу 743,402 млн.м<sup>3</sup> азайған (1-кесте). Судың азаюы ауыл шаруашылығында байқалды (2-кесте). Жамбыл облысының экономика салалары бойынша алынған су мөлшері мынадай, млн.м<sup>3</sup>: коммуналды-тұрмыстық – 43,545; өндірістік – 187,296; ауыл шаруашылық – 2160,895; балық шаруашылығы – 0,662.

Кесте 1

Халық шаруашылығына су алу және оларды пайдалану, млн.м<sup>3</sup>

Көрсеткіштер	Жылдар					
	2002	2003	2004	2005	2006	2009
Су алу, барлығы	2128,22	2348,36	2915,14	2886,59	2812,05	3124,02
Беттік су көздерінен су алу	2066,36	2288,19	2847,73	2821,13	2753,84	3065,76
Пайдаланылған, барлығы	1459,59	1607,85	1962,65	1856,80	1412,75	2116,59
Беттік су көздерінен	1402,06	1551,58	1905,84	1801,2	1358,68	2069,43

Кесте 2

Жамбыл облысының өзендерінің ресурстары бойынша су қабылдау көрсеткіштері, млн. м<sup>3</sup>

Су қабылдау көлемі	Жылдар							
	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Жалпы су қабылдау көлемі	2776,6	2268,5	2246,9	2288,9	2061,3	1219,9	2078,9	1612,1
Ауыл шаруашылығы бойынша	2564,1	2039,4	2182,4	2227,2	1993,1	1146,3	2010,7	1542,0
Жалпы % көлемде	92,3	89,9	97,1	97,3	96,7	94,0	96,7	95,6


Шаруашылықтың маңызы бойынша алаптың басты су көзі –Талас өзені болып табылады. Көп жылдық гидрологиялық мәліметтен (3-кесте) аңғаратынымыз, жылдар бойынша ағын шамасының тебелуі көп факторларға байланысты, оның ішінде адами фактор – басты фактор. Өзен кіші болған сайын көп жылдық кескінде оның ағынының тербелу амплитудасы үлкен болады. Жалпы өзені ағыны көлемі соңғы жылдары қайтарымсыз су тұтыну көлемінің кемуіне байланысты артқан. Гидрографиялық алаптың жер беті су ресурстары: Қырғыстан республикасы территориясынан ағып келетін жер беті сулары – 710,7 млн м<sup>3</sup>; Жамбыл облысы территориясында түзілетін ағын – 802,7 млн м<sup>3</sup>. Алаптың су ресурстарының біршама бөлігі ауылшаруашылығы қажеттілігіне жұмсалады, негізінен суармалы егіншілікке. Халық санының тұрақты өсуі және мал басының артуы, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді көп қажет етеді, бұл суармалы егіншілік жерлердің аудандарын арттыру және қалпына келтіру арқылы іске асырылады.

Кесте 3

Талас өзені бойынша алынған су мөлшері, млн. м<sup>3</sup>

Өзендер бассейні	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011
Талас өз	360,1	341,4	448,2	360,9	349,3	367,2	472,6

Қайта қалпына келтіретін аудандарды дамыту және орналастыру Талас өзені ағынын тиімді пайдалану, жергілікті жерлердегі шағын өзендердің суын қайта бөлістіру арқылы іске асады (4-сурет).



Сурет 4. Талас өзені бассейнінің су шаруашылық баланс сұлбасы

Шу өзені 2020 жыл деңгейінде негізгі сумен қамтамасыз ететін көздерінің бірі беттік су көздері болып табылады. 2020 жылға қарай орташа сулы жылдар беттік сулардан су алу көлемі 1152 млн.м<sup>3</sup> дейін жетеді.

Шу өзенінің беттік ағымы Қырғыз республикасының шекарасында шамамен 1,5-4 млрд. м<sup>3</sup> және орташа шамамен 2,5 млрд. м<sup>3</sup> құрайды деп болжамдалып отыр.

Жамбыл облысы экономикасының барлық салаларында үнемдеу және суды сақтау технологиясын пайдалану проблемалары қазіргі уақытта басты міндеттердің бірі болып есептеледі.

Су қорларын тиімді пайдалану келесі мәселелерді шешуді талап етеді :

- 1) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде суды жұмсау мүмкіндігін негіздеу жұмыстарын жалғастыру;
- 2) Аса, Талас, Шу өзендерінің ағынын қайырымсыз алынуына баға беру;
- 3) Су қорларын қалпына келтіру және суды сақтау технологиясына көшудің негізгі бағыттарын түзу және т.б.

Облысымыздың су қорларын халық шаруашылығында пайдалану барысында осындай шараларды үздіксіз назарда ұстап отыру және олардың тиімді орындалуын қадағалау мәселелері облыстағы су ресурстарының жағдайын біршама қауіпсіз қалыпқа келтіруге және олардың әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Схема комплексного использования и охраны водных ресурсов бассейна реки Аса, на территории Республики Казахстан [Текст] // Труды КазНИВХ. – 2005. – Т. III.
2. Ибраев, Т. Қазіргі уақыттағы Қазақстандағы трансшекаралық өзендер суының сапасы [Мәтін] / Т. Ибраев, М. Ли. – Тараз, 2013. – 162 б.
3. Вагапова, А.Р. Качественный анализ воды в бассейнах рек Шу, Аса, Талас [Текст] / А.Р. Вагапова, М.А Ли, К.Е. Джабаев // Труды КазНИИВХ. – 2009.
4. Жамбыл облысы суармалы жерінің мелиоративтік жағдайы туралы ақпараттық есеп [Мәтін]. – Шымкент, 2012. – 78 б.
5. Сатенбаев, Е.Н. К вопросу использования вод трансграничных рек Казахстана. Современные проблемы Шу-Таласского бассейна [Текст] / Е.Н. Сатенбаев, Б.М. Баджанов, Т.Т. Ибраев // Информационный бюллетень №4. – Тараз, 2006.
6. Годовые отчеты по водопользованию Казводхоз и ГГМИ в 2010-2015 гг. [Текст] / [?].
7. Vishpolski F., Qadir M., Karimov A., Mukhamedjanov H., Bekbaev U., Paroda R., Aw-Hassan A., Rarajeh F. Enhancing the productivity of high-manganese soil and water resources in central asia through the application of phosphogypsum. *Land Degradation Development*, 19.45-56 (2008) Doi: 10.1002/fdr.814.

Материал редакцияға 19.12.15 түсті.

**Е.А. Мамытова**

*Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати,  
г. Тараз, Республика Казахстан*

**КАЧЕСТВО ВОДНЫХ РЕСУРСОВ ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ  
И ПУТИ ИХ ЭФФЕКТИВНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ**

Рассмотрены водные ресурсы Жамбылской области, их водный фонд и состояние при водохозяйственном использовании, а также пути эффективного их использования.

**Ключевые слова:** водные ресурсы, водный фонд, водохранилище, трансграничные реки, поверхностные воды, бассейн реки.

**Е.А. Mamytova**

*Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan*

**QUALITY OF WATER RESOURCES OF ZHAMBYL REGION AND  
WAYS OF THEIR EFFECTIVE USE**

The water resources of Zhambyl region, water fund and condition at the practical use, as well as the effective ways of use are considered.

**Keywords:** water resources, water fund, reservoir, transboundary rivers, surface water, river basin.

---

## ПИЩЕВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

---

УДК 637.146

**Н.А. Горбатовская<sup>1</sup>, А.А. Киябаева<sup>2</sup>, Ш.Д. Умирбаева<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Канд. техн. наук, профессор, <sup>2</sup>Магистр, ассистент, <sup>3</sup>Инженер  
Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати,  
г. Тараз, Республика Казахстан

### ОРГАНОЛЕПТИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ ОБОГАЩЕННЫХ ТВОРОЖНЫХ ПРОДУКТОВ

В статье рассмотрена актуальность создания пищевых продуктов функционального и диетического назначения. Описана возможность обогащения творожного продукта ингредиентом растительного происхождения. Изучены органолептические свойства творожного продукта и установлена органолептическая оценка готового изделия с оптимальной дозировкой сухого талкана.

**Ключевые слова:** функциональные продукты, творожный продукт, растительное сырье, талкан, органолептические свойства.

Последние годы здоровое и полноценное питание считается важнейшим критерием для здоровья и сохранения жизни человека. Современный ассортимент продуктов питания направлен на создание сбалансированной по пищевой и биологической ценности продукции, которая способна обеспечить потребность всех групп населения витаминами, минеральными веществами, пищевыми волокнами и другими полезными нутриентами.

Сохранность здоровья всех групп населения – основное приоритетное направление государственной политики в области качественного и безопасного питания.

Результаты исследований, проведенные в последние десятилетия доказывают, что в продуктах питания есть природные компоненты, которые обладают не только пищевой ценностью, но и регулируют многочисленные функции организма человека. Предметом обсуждения учеными становятся проблемы здорового сбалансированного по пищевой и биологической ценности питания, предусматривающий подбор ингредиентов, который максимально удовлетворяет потребности человека энергетическими, пластическими и регуляторными компонентами. При этом, содержащиеся в продуктах питания биологически активные вещества, при постоянном употреблении способны поддержать и регулировать определенные физиологические функции организма, биохимические реакции, могут способствовать сохранению здоровья человека и формированию устойчивости к заболеваниям [1].

Ученые и практики, работающие в сфере пищевой отрасли, считают, что обеспечение здоровья населения возможно лишь при сохранении преимущественного питания человека натуральными высококачественными

продуктами. К одним из таких продуктов относятся молоко и кисломолочные продукты, которые играют важную роль в питании людей, что обусловлено высокой пищевой и биологической ценностью.

На сегодняшний день разработан большой ассортимент новых и широко востребованных среди населения кисломолочных продуктов, которые положительно воздействуют на организм человека, так как при употреблении стимулируют иммунные реакции, останавливают развитие различных заболеваний, улучшают работу желудочно-кишечного тракта, снижают риски других заболеваний.

Роль молочных продуктов в рациональном питании современного человека трудно переоценить. В полной мере это относится к творогу и творожным продуктам. С другой стороны, хорошо известно, что в настоящее время приоритетным направлением в производстве молочных продуктов является комбинирование сырья различных классов, применение разнообразных обогащающих добавок, то есть производство многокомпонентных полифункциональных продуктов на молочной основе. Теоретические и практические аспекты создания данных продуктов представлены в трудах Липатова Н.Н. (ст.), Липатова Н.Н. (мл.), Рогова И.А., Остроумова Л.А., Зобковой З.С., Забодаловой Л.А., Дунченко Н.И., Гавриловой Н.Б., Захаровой Н.П., Захаровой Л.М. и др. [2].

Создание новых творожных продуктов диетического назначения функциональной направленности с внесением добавок растительного происхождения, является перспективным и актуальным направлением в молочной промышленности. Обогащение молочных продуктов можно рассматривать как наиболее надежный способ ликвидации дефицита микронутриентов в питании населения [3].

Творожный продукт – молочный продукт, произведенный из творога и продуктов переработки молока в соответствии с технологией производства творога с добавлением молочных продуктов и немолочных компонентов, с последующей термической обработкой или без нее [4].

Если в готовом молочном или молочном составном творожном продукте содержится не менее, чем 75% массовой доли составных частей молока, и такие продукты не подвергались термической обработке и созреванию в целях достижения специфических органолептических и физико-химических свойств, в отношении таких продуктов используется понятие «творожный сыр».

Если же говорить конкретно о творожном продукте, то следует отметить, что сегодня для его производства используются самые передовые технологии, позволяющие дополнительно обогатить данный продукт минеральными веществами и различными витаминами, что значительно повышает его пищевую ценность. Допустим, если сравнить творожный продукт с нежирным творогом, то первый будет иметь гораздо большее содержание витаминов А, В12, Е, Д3, аскорбиновой и фолиевой кислоты, а также таких минералов, как натрий, фосфор, селен, кальций [5].

Растительное сырье – это богатый источник функциональных ингредиентов, в первую очередь, витаминов и минеральных веществ, оно содержит аскорбиновую кислоту, Р-активные вещества, органические кислоты и пектиновые вещества.

Талкан – это продукт переработки проса, обладающий целебными и питательными свойствами, так как содержит белки, углеводы (в оптимальном для правильного усвоения соотношении 1:5), жиры, ферменты,



микроэлементы (цинк, магний, железо, кальций, медь, селен), аминокислоты (триптофан, лизин и др.), пищевые волокна и другие вещества. Он является продуктом питания для людей всех возрастов, не требует больших энергетических затрат для усвоения и переваривания.

В работе использовался сухой растительный компонент – талкан из проса, который вносили в обезжиренный творог в количестве 1, 2, 3, 5, 7%. Контрольным образцом служил обезжиренный творог без талкана.

Обезжиренный творог получили путем сквашивания обезжиренного молока и творожной закваски. После сквашивания влажность продукта определяли визуально по поверхности сгустков.

Полученные сгустки были плотными и имели выраженный кисломолочный вкус и запах. При внесении сухого талкана в количестве 1, 2, и 3% в сгустках наблюдался приятный привкус талкана, творожные продукты имели светло-желтый оттенок. При больших дозах (5-7%) сгустки имели выраженный привкус талкана и образцы имели сухую консистенцию и приобретали темно-желтый цвет по сравнению с контрольным образцом.

Таким образом, на основании проведенных исследований была выбрана оптимальная дозировка внесения сухого талкана в количестве 1-2% и проведена органолептическая оценка.

Результаты влияния внесения талкана на органолептические свойства готового продукта представлены в виде профилограмм (рис. 1).




Рис. 1. Профилограммы органолептических оценок творожных продуктов с различной дозой талкана из проса

Полученные образцы творожного продукта исследованы на сохранность качества в процессе хранения. На протяжении периода проведения исследований образцы хранились в холодильнике при температуре  $4\pm 2^\circ\text{C}$  в течении 7 дней, что обусловлено требованиями стандарта к творожным продуктам.

В ходе исследований контролировалась органолептическая оценка, результаты которой приведены в таблице 1.

Таблица 1

Органолептическая оценка творожных продуктов с внесением талкана

Показатели		Контрольный образец	Характеристика творожных продуктов при внесении талкана в количестве, %	
			1	2
Вкус и запах	3	Чистый кисломолочный, без посторонних привкусов и запахов		
	4	Слегка кисловатый привкус	Слегка с кисловатым привкусом и с запахом талкана	
	5			
	7	Затхлый вкус и запах		
Цвет	3	Белый, равномерный по всей массе	Белый, с желтым оттенком	
	4			
	5			
	7	Белый с кремовым оттенком		
Консистенция	3	Однородная, мягкая, мажущаяся		
	4			
	5	Небольшое отделение сыворотки, однородная, мягкая, мажущаяся	Сухая, рассыпчатая с наличием частиц талкана	
	7	Ослизненная и плесневелая	Грубая, сухая, крошливая	

По полученным данным установлено, что контрольный образец приобретает слегка кисловатый привкус и наблюдается небольшое отделение сыворотки на 5 сутки хранения. А образцы с талканом приобретали слегка кисловатый привкус и горечь талкана, наблюдалась сухая и рассыпчатая консистенция. В процессе хранения образцов при температуре  $4\pm 2^\circ\text{C}$  на 7 сутки начинают ухудшаться органолептические показатели, повышается титруемая кислотность. Примерный срок годности готового продукта составляет 5 суток.

На основании экспериментальных исследований обоснована оптимальная доза внесения талкана в количестве 1 и 2%.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Покровский, В.И. Политика здорового питания. Федеральный и региональный уровень [Текст] / В.И. Покровский, Г.А. Романенко, В.А. Княжев [и др.]. – Новосибирск: Сиб. унив. изд-во, 2002. – 344 с.
2. Соловьева, М.С. Разработка рецептур и технологии пастообразного продукта на основе сухого обезжиренного молока и растительных компонентов [Текст]: автореф. дис. ... канд. тех. наук (05.18.04) / Соловьева М.С. – Санкт-Петербург, 2012. – 16 с.
3. Красильников, В.Н. Перспективы использования белков из семян люпина узколистного [Текст] / В.Н. Красильников, В.С. Мехтиев, М.Л. Доморещенкова, Т.Ф. Демьяненко [и др.] // Пищевая промышленность. – 2010. – №2. – С. 40 - 43.
4. Федеральный закон Российской Федерации от 12 июня 2008 г. 88-ФЗ «Технический регламент на молоко и молочную продукцию».
5. Польза и вред продуктов [Электронный ресурс].– Режим доступа: <http://fitdeal.ru/polza-i-vred-produktov/nuzhno-li-na-samom-dele-est-tvorog.html>.

*Материал поступил в редакцию 24.01.16.*

**Н.А. Горбатовская, А.А. Киябаева, Ш.Д. Умирбаева**

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,  
Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы*

**БАЙЫТЫЛҒАН СҮЗБЕ ӨНІМДЕРІНІҢ  
ОРГАНОЛЕПТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ**

Мақалада диеталық және функционалды тамақ өнімдерін жасау өзектілігі қарастырылған. Сүзбе өнімдерін өсімдік текті ингредиентімен байыту мүмкіндігі баяндалған. Сүзбе өнімінің органолептикалық қасиеттері зерттелді және құрғақ талқанның оңтайлы мөлшерін енгізу арқылы дайын өнімнің органолептикалық бағалауы орындалды.

**Түйін сөздер:** функционалды өнімдер, сүзбе өнімдері, өсімдік тектес шикізат, талқан, органолептикалық қасиеттер.

**N.A. Gorbatovskaya, A.A. Kiyabaeva, Sh.D. Umirbaeva**

*Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan*

**ORGANOLEPTIC PROPERTIES OF ENRICHED CHEESE PRODUCTS**

The relevance of the functional and dietary purposes foods are presented. The possibility of enrichment of curd product with vegetable origin ingredients is considered. Organoleptic properties of the curd product are investigated and organoleptic evaluation of the finished product with the optimum dosage of dry talkan is defined.

**Keywords:** functional products, curds products, vegetable raw materials, talkan, organoleptic properties.

УДК 664.66

Р.Л. Хегай<sup>1</sup>, Н.А. Горбатовская<sup>2</sup>, Н.В. Иванникова<sup>3</sup>, Е.Н. Шоя<sup>4</sup><sup>1</sup>Магистрант, <sup>2</sup>Канд. техн. наук, профессор,<sup>3</sup>Магистр, ст. преподаватель, <sup>4</sup>Магистр, инженер<sup>1</sup>Санкт-Петербургский национальный исследовательский университет информационных технологий, механики и оптики (ИТМО), г. Санкт-Петербург, РФ<sup>2, 3, 4</sup>Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати,  
г. Тараз, Республика Казахстан**ВЛИЯНИЕ ХМЕЛЕВОЙ ЗАКВАСКИ НА СРОКИ ХРАНЕНИЯ  
ХЛЕБНОЙ ПРОДУКЦИИ**

